



ӨРЛЕУГЕ ӨЗЕК БОЛАР ҚҰНДЫ ЖОЛДАУ

VII шақырылған Парламенттің екінші сессиясын ашқан ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл тәуелсіздік тарихындағы Мемлекет басшысының 25-ші, соның ішінде Қасым-Жомарт Кемелұлының 3-ші Жолдауы болып отыр. Сарапшылар байламына, Президент Жолдауының қыркүйекте, парламенттік сессияның ашылуында жария етілуі жаңа саяси дәстүрге айналды. Бұл депутаттық корпусқа да, меморгандарға да қолайлы: Жолдау басымдықтарын бір-лесе талқылап, заң шығару жұмысында және бюджеттік жоспарлауда ескеруге мүмкіндік береді.

К.Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты жаңа Жолдауы ел өмірінің барлық басты қырын — әлеуметтік, экономикалық, саяси, экологиялық және басқа да салаларын толыққанды қамтыды. Стратегиялық басымдықтар мен бір жылға арналған тапсырмаларға қоса, Президент 5 нақты бастамасын ұсынды. Олар халықтың өзекті проблемаларын шешуге, әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл азат ел болғанымызға 30 жыл толып отырғанын еске салды.

—Тәуелсіздік — біздің ең қастерлі құндылығымыз. Тұңғыш Президентіміз — Елбасының дара саясатының арқасында Қазақстан табысты ел ретінде бүкіл әлемге танылды. Ең басты жетістігіміз — біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктідік. Халықаралық қоғамдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам түзіп, орнықты даму жолына түстік. Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір ел болып әлемге етіп жатырмыз. Егеменді дегеніміз — жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы — әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі — елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы. Барлық бастамаларымыздың бағытталуда, — деді ол.

Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қалам басқалы тұр. Президенттің пайымдауына, бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын



байқалады. Сондықтан кез келген сын-кәтерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет. Жолдау осы жолдағы көкейкесті мәселелерге арналды.

ПАНДЕМИЯДАН КЕЙІНГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУ

К.Тоқаев Орталық Азиядағы экономикасы ең ауқымды ел саналатын Қазақстанның қазір пандемия зардабын тартып отырғанын айтты. Дегенмен қиындықтарға қарамастан, бағдарымызды берік ұстанып келеміз. Мемлекет ортамерзімді экономикалық саясатын айқындап, мемлекеттік бастамаларды реттеу үшін 2025 жылға дейінгі дамудың Ұлттық жоспарын және Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін қабылдады. Ұлттық жобалар әзір және алда бекітіледі.

Президент Қазақ елінің аймақ лидері болып қала беретінін нықтады.

— Стратегиялық мақсатымыз — Орталық Азиядағы көшбасшылық ролімізді күшейту және әлемдік экономикадағы орнымызды нығайту! Экономикамызға тікелей инвестиция тарту ісін жалғастырудың жаңа тәсілі ретінде Стратегиялық инвестициялық келісім ұғымы енгізілді. Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру үшін нақты шараларды қолға алдық. «Бөйтерек» және «КазАгро» холдингілерін біріктірдік. Еңшілес компаниялар 2 есе азайды, олардың штатын 1,5 есе қысқарттық. Жаңа, қуатты даму институтын құрдық. Пандемия кезінде мемлекет азаматтарға және кәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті,

— деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану жөніндегі президенттік бастама экономиканың дамуына айтарлықтай әсер етті. Ең бастысы, оның әлеуметтік ықпалы айрықша болды. Осы шараның арқасында миллионнан астам азаматымыз тұрғын үй жағдайын жақсартты. Кейбір ипотекалық қарызын азайтты.

— Экономикалық дамуымызда оң үрдіс бар екені сөзсіз. Алайда бүгінгі ахуал әлі де күрделі. «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға ұластыру туралы шешім қабылданды. Бұл мақсатқа бөлінетін қаржының жалпы көлемі кемінде 1 триллион тенге болады, — деді Мемлекет басшысы.

Оның айтуынша, соңғы кезде бюджеттің шығыс бөлігіндегі міндеттемелерді орындау үшін бюджет тапшылығы ұлғайтылып, Ұлттық қордан алынатын трансферттер өсуде. Үнемі осылай «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүре алмаймыз. Елдегі қаржылық қор шексіз емес.

— Бюджеттің кірісін арттыру үшін шаралар қабылдау қажет. Бірінші кезекте мемлекеттік шығыстардың ауқымын және оның тиімді жұмсалыну бақылауда ұстау қажет. Ұлттық қордың активтерін қалпына келтіру үшін бюджет ережесін енгізуді тездеткен жөн. Бұған қажетті заңнамалық өзгерістер осы жылдың соңына дейін қабылдануы тиіс. Елімізге мемлекет қаржысын, атап айтқанда, мемлекеттік қарызды, бюджет саясатын және Ұлттық қорды басқарудың

ережелер жинағы қажет. Үкімет пен Ұлттық банктен жыл соңына дейін Мемлекет қаржысын басқару тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынамын, — деді ел Президенті.

ЖАҢА ВЕДОМСТВО ҚҰРЫЛУЫ МҮМКІН

Үкіметке экономиканы өртарпақтандыру, өндірілетін тауарлардың түрін көбейтіп, экспорт географиясын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру жүктелді. 2020 жылдың қорытындысында Индустрияландыру жүзеге асырылып жатқан 10 жылда тұңғыш рет өңдеу өнеркәсібінің үлесі тау-кен өндірісі саласынан асып түсті. Бірақ Қазақстан мұнымен шектелмейді: орта мерзімдегі мақсат — 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге көбейтіп, 24 миллиард долларға жеткізу, ал еңбек өнімділігін 30%-ға арттыру болмақ.

— Әзірленіп жатқан «Өнеркәсіп саясаты туралы» заң өңдеу өнеркәсібінің алдында тұрған сауалдарға жауап беруі тиіс. Соның бірі — шикізатқа қол жеткізудің қиындығы. Отандық өнеркәсіп үшін шикізат тауарларының бағасы қолжетімді, ал көлемі жеткілікті болуы керек. Үкімет жыл соңына дейін осы маңызды міндетті шешудің оңтайлы жолын табуы тиіс. Бұл ретте еліміздің ресурстық әлеуеті толық ашылмағанын, жер астының геологиялық тұрғыдан зерделену деңгейі төмен екенін қаперден шығармаған жөн, — дей келе, К.Тоқаев сапалы геологиялық ақпараттың инвесторларға қолжетімділігін арттыру міндетін қойды.

Осыған орай ол «түрлі ведомстволарға бағынатын бытыранқы мекемелердің негізінде тиімді Ұлттық геология қызметін құру керек» деді. Демек, алда жана ведомство, тіпті жеке министрлік ашылуы ғажап емес. Бұл орган, Мемлекет басшысының байламына, жер қойнауын кімге және қалай беруді шешетін монополистік айналымын шарт. Оның міндеті — инвесторларға кешенді қызмет көрсетіп, қолдау.

— Жер қойнауы — ұлттық байлығы. Оны пайдалануға беруді оңаша кабинеттерде «бармақ басты, көз қыстымен» шешу заңсыз деп танылуы тиіс. Тиісті органдар бұл мәселе бойынша бақылау жасауды қамтамасыз етеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ол мемлекеттің экономикаға көп араласатынын жеткізді: бұл экономикалық өсімді тежейді, коррупцияға, заңсыз лобби жасауға соқтырады. Реформалар жөніндегі жоғары кеңес жекешелендірудің жаңа жоспарын мақұлдады. Енді оның іске асуын қатаң бақылау қажет.

— Бұдан басқа да мәселелер бар. Мысалы, жекеменшік ұлттық компания мен мемлекеттік кәсіпорындар шығынға батып жатыр. Сөйте тұра неге олардың бірінші басшылары жауапкершілік арқаламайды? Үкімет бұл мәселені шешуі керек. Сонымен бірге, біз инфляцияның бақылаусыз өсу проблемасымен бетпе-бет келдік. Үкімет пен Ұлттық банк бәрін әлемдік үрдіске жауып, инфляцияның алдында қауқарсыздық танытып отыр. Мұндай сылтау ұлттық экономиканың өлсіздігін көрсетеді. Онда «біздің кәсіби экономистеріміздің рөлі қандай?» деген сауал тұяндайды, — деген Президент Үкімет пен Ұлттық банкке инфляцияны 4-6% деңгейіне қайтаруды тапсырды.

АУЫЛҒА ҚАТЫСТЫ БАТЫЛ ҚАДАМДАР

К.Тоқаев инфляцияның монетарлық емес тұстарына тоқталды. Оның ең бастысы — азық-түлік бағасы.

— Қазақстанның ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор. Бірақ агроөнеркәсіп кешені саласында қордаланған проблемалар да аз емес. Ең алдымен, бұл — азық-түлік тауарларының бағасын белгілеудің және оны бөліп-таратудың тиімсіз жүргізілуі. Мен бұған дейін көтерме-тарату орталықтарының (КТО) желісін құрудың маңыздылығын айтқанмын. Бұл міндет орындалып жатыр. Осы орталық-

тардың шағын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, соның ішінде, жеке қосалқы шаруашылықтарға да қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл нарықтың монополиялануына жол беруге болмайды, — деді ол.

Мұның сыртында, ел Президентінің пікірінше, өнім өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықтағы бағаның бәріне бірыңғай бақылау жасау қажет. Қазір осы жұмысқа бірнеше мекеме жауапты. Баға шарықтаған сайын байыппен сараптама жасап, тиімді шара қабылдау орнына олардың бір-біріне сілтейтіні Мемлекет басшысына ұнамайды.

— Бұл жұмысты ретке келтіретін кез келді. Жауапкершіліктің аражігін ажырату керек. Бір мекемені басты орган ретінде айқындап, өзгелерінің өзара іс-қимылын нақты белгілеу қажет. Үкімет осы мәселе бойынша 1 ай ішінде шешім қабылдауы тиіс. Екіншіден, ауа райының қолайсыздығы мал шаруашылығында түйткілі мәселелер бар екенін көрсетті. Біз жедел шара қабылдап, жемшөп тапшылығына байланысты ахуалды реттедік. Дегенмен бұл салада әлі де жүйелі жұмыс атқару керек. Жемшөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейту керек, — деді ол.

Сондай-ақ егіс алқабына әр жылы әртүрлі дақыл егу талабын сақтау үшін тиімді бақылауды күшейткен абзал. Ғарыштық мониторинг және шақықтан зондтау мүмкіндігін кеңінен қолдану керек.

— Жайылымдық жерді тиімді пайдалану да өте маңызды. Қазір мал жайтын жерге шаруаның қолы жетпей тұр. Алқаптарды белгілі адамдар иеленіп алған. Тіпті, оны адам аяғы баспайтындей етіп қоршап тастаған. Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр. Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертіп батыл шаралар қабылдауы тиіс. Жеке қосалқы шаруашылықтардың малын жайылымдық жермен қамту мәселесіне айрықша назар аудару қажет, — деген К.Тоқаев олардың құқықтық мәртебесі және көрсетілетін қолдау тәсілдері «Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы» бөлек заңға көрініс табуы керектігін нықтады.

Үкімет бұл заң жобасын өте қысқа мерзімде әзірлеуге міндетті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы елдің аграрлық саясатында сабақтастық болмай тұрғанын айтып, қатаң сынады.

(Жалғасы 2-бетте)



Байденнен хат келді

Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына АҚШ Президенті Джоозеф Байденнен хат келіп түсті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қазақстан Президентінің атына келген хатта Джоозеф Байден Семей ядролық полигонының жабылғанына 30 жыл толуына орай құттықтауын жеткізген.

— 29 тамыз күні Семей ядролық полигонының жабылғанына 30 жыл толуына орай Америка Құрама Штаттарының атынан Қазақстан Республикасының халқына ең ізгі құттықтауымды білдіргім келеді. Америка Құрама Штаттары бұрынғы сынақ полигоны аймағын қалпына келтіру мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Сіздің Үкіметіңізбен арадағы жалғасып жатқан ынтымақтастықты қоса алғанда, Қазақстанмен берік серіктестігін нығайта бермек. Америка Құрама Штаттары Қазақстанның

тәуелсіздік алған алғашқы күнінен бастап Семей аймағында әріптестік қарым-қатынаста жұмыстар атқарып келеді, — деп жазды АҚШ Президенті.

Джоозеф Байден қауіп-кәтерлерді бірлесіп төмендетуге бағытталған Нанн-Лугар бағдарламасы аясында кенестік ядролық сынақ инфрақұрылымынан қалған мұраны жою жолында Қазақстанмен АҚШ-тың бірігіп жұмыс атқарғанын еске алып, екі елдің достығын атап өтті.

— Америка Құрама Штаттары Сіздің еліңізді дос деп мақтана айтады және мен серіктестігіміздің әлеуетін толық әрі жемісті іске асыру үшін Сізбен жұмыс істеуге дайынмын, — делінген Джоозеф Байденнің хатында.



Макронмен телефон арқылы сөйлесті

Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президенті Эммануэль Макронмен телефон арқылы сөйлесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Франция тарапының бастамасымен Қасым-Жомарт Тоқаев Эммануэль Макронмен телефон арқылы сөйлесіп, екіжақты қарым-қатынастың өзекті мәселелерін және Ауғанстандағы жағдайды жан-жақты талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Францияны біздің экономикамызға 2005 жылдан бері 17 миллиард қаржы салуы арқылы инвесторлардың алғашқы бестігіне кіріп отырғанын атап өтті. 2020 жылдың қорытындысы бойынша өзара сауда көрсеткіші 2,8 миллиард доллар болған.

Эммануэль Макрон Қазақстанмен арадағы сауда-экономикалық және саяси байланыстарды тереңдете түсуге мүдделі екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эммануэль Макрон Ауғанстандағы ахуал жөнінде пікір алмасты.

Франция Президентінің өтініші бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев оған Қазақстанның Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға қатысты көзқарастары мен біздің Үкіметтің батыс елдері азаматтары мен ауғандықтарды эвакуациялау жөнінде қабылдаған шаралары туралы айтып берді. Эммануэль Макрон Қазақстанның өзарамағында БҰҰ-ның Ауғанстандағы миссиясының қызметкерлерін және әлемдік ұйымның басқада агенттіктерін орналастыру туралы шешімін жоғары бағалады.



Өзбекстан халқын құттықтады

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентінің атына жеделхат жолдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жеке өзінің және барша қазақстандықтың атынан Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті және өзбек халқын ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтады.

— Бауырлас Өзбекстан бұл айтулы күнге ұлттық біртұтастығымен, экономикалық дамуының жоғары қарқынымен және әлемдік қоғамдастықта лайықты беделмен қуатты әрі өркендеген мемлекет ретінде жетіп отыр. Өзбек халқы Сіздің жасампаздық саясатыңыз бен табысты жүзеге асып жатқан ауқымды реформаларыңызды қолдай отырып, тұрақты даму жолын жалғастыра беретініне сенімдімін, — деп жа-

зылған Мемлекет басшысының жеделхатында.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы тарихи терең стратегиялық ынтымақтастыққа жоғары баға берді.

— Сізбен бірлесіп атқарып жатқан жұмысымыз екіжақты деңгейде де, аймақтық және халықаралық ынтымақтастық аясында да Қазақстан мен Өзбекстанның өзара іс-қимылындағы зор әлеуетті толық іске асыру үшін қызмет ететініне сенімдімін, — делінген жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевке жауапты мемлекеттік қызметте табыс, бауырлас Өзбекстан халқына өркендеу мен өрлеу тіледі.

Өрлеуге өзек болар құнды Жолдау

Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

— Министр ауысса, саланың саясаты да өзгереді. Мұндай жағдайда шаруаларға алдағы жұмысты жоспарлау қиынға түседі. Бірін-ғай негізгі бағыт болуы қажет. Соған сәйкес субсидиялау тәсілдерін қайта қарап, тұрақтандыру керек. Соңғы 5 жылда субсидиялауға 2 триллион теңгенден астам қаржы бөлінді. Өкінішке қарай, агроөнеркәсіп кешеніне қатысты қозғалған қылмыстық істердің жартысынан астамы субсидияны талан-таражға салуға байланысты. Бұған жол беруге болмайды. Нормативтік негізін нығайтып, тиімді жоспарлау және мониторинг жүргізу жүйесін енгізу қажет, — деді Президент.

Субсидияны рәсімдеу тәртібі түсінікті әрі толығымен ашық етілмек.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ АРТАДЫ

Ел Президенті Қазақстан коронавирусына қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі екеніне екіпін түсірді.

— Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екеніне еш күмән жоқ. Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдірді. Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Көптеген мемлекеттің бұған қолы жетпеді. Елімізде жаппай екпе салу жүріп жатқанымен, қоғамда оған қарсы адамдар әлі де көп. Олар өздері бас тартып қана қоймай, халықты кері үгіттеуде. Қаншама жұртты адастырауда. Мұндай адамдар өзін ғана емес, өзгенің өмірі үшін де жауап беретін түсінуі тиіс, — деді ол қазақстандықтарды антиваксерлерге ермеуге шақырды.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта әлемде коронавирустың жаңа штамдары шығуы мүмкін екенін қаперге ала отырып, «бустерлік вакцинаны» сатып алудың өте маңызды екенін айтты.

— Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды тезірек сатып алу қажет. Бүкіл денсаулық сақтау саласын тұрақты екпе алу жүйесіне дайындау жөн! Еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын Ұлттық жүйе құрылуы тиіс. Бұл шара тиісті заң жобасында қарастырылған. Парламенттен осы заң жобасын қазіргі сессияның соңына дейін қабылдауды сұраймын, — деді Қ.Тоқаев.

Жолдауға сай, «Дені сау ұлт» жобасы бойынша кемінде 12 зертхана жоғары технологиялық құралдармен жабдықталады. Нәтижесінде олар 90%-ға дейін халықаралық талапқа сай жұмыс істейтін болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке коронавирустан басқа ауруларға қатысты ахуалды нашарлапты алмауды жүктеді. Сондай-ақ медицина саласына қомақты қаржы құю тапсырылды. Бұл қаражат инфрақұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалып отыр.

Фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлінбек. Дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17% ғана — отандық өнім. 2025 жылы оны 50%-ға жеткізу қажет.

САПАЛЫ БІЛІМ — ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ ҰСТЫНЫ

Биылғы қантар айынан бастап педагогика саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға көбейді. Алдағы үш жылда осы мақсатқа тағы 1,2 триллион теңге жұмсалды. Қабылданған шаралар жемісін берді. Педагог мамандығын қалап, оқуға түскендердің орташа балы күрт өсті.

Жолдау аясында Президент қашықтан оқытуды енгізуді тапсырды.

— Пандемия кезінде қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті. Мұндай ахуал негізгі, қарапайым білімнің өзін меңгере алмаған оқушылар санының артуына әкеп соқты. Тағы бір проблема әрі нағыз қиындық осы деуге болады:



балалар оқуын тастап кетіп жатыр. Өйткені білім алуды қажет деп санамайды. Үкіметке бұл мәселемен, атап айтқанда қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысуды өткізуді ұсынды. Өйткені дәл осы ұстаздар қауымы жана білімді таратушыға, нағыз ағартушыға айналуы тиіс.

— Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі — мектептердегі орын тапшылығы. Бүгінде 225 мың оқушыға орын жетіспейді. Шұғыл шара қабылдасак, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді. Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынымын. Бүгін оның санын 1 мыңға жеткізуді міндеттеймін! — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазір NEET санатындағы 237 мың жас не оқу оқымайды, не жұмыс істемейді. Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың тұлөк оқуға ақылы негізде түсуге мәжбүр. Олардың 85% — тұрмысы төмен отбасының балалары. Бұл жағдайды түзету қажет. Сұранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім 100% тегін берілетін болады.

— Мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуі тиіс. Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың экономикадағы нақты сектор үшін қажетті жұмысшы мамандығын игеруі мәселесін пысықтаған жөн. Құзырлы министрлік жоғары білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуі тиіс, — деді ел Президенті.

Жолдауда ғылымды дамытуға да баса мән берілді.

ӨНІРЛІК САЯСАТ ЖЕТІЛДІРІЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, түрлі деңгейдегі өкімдердің батыл әрі дербес қадам жасауға қабілеті жетпей жатады. Олар орталыққа жалтақтап жұмыс істейді. Бұл негізінен, өкімдердің халық алдындағы қазіргі жауаптылық деңгейі жеткіліксіздігіне байланысты. Олардың қызметіне баға бергенде тұрғындар пікірі ескеріле бермейді.

— Сондықтан барлық деңгейдегі өкімдердің жұмысын бағалау тәсілі оңтайландырылады. Осыған орай тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізудің маңызы зор. Бұл тәсіл арқылы билік органдары жұмысының сапасына тұрғындардың көзқарасы туралы шынайы мәлімет алуға болады. Формальды есептерден гөрі сауалнамадан халықтың көңіл күйі анық аңғарылады. Президент Әкімшілігі осы мәселеге байланысты ұсыныстар топтамасын әзірлеуі керек, — деді Мемлекет басшысы.

Ол бюджет қаржысын басымдыққа сай жұмсау міндетін қойды. Республикалық бюджеттен қаржы бөлу өкімдердің өкілділігі мен пысықтығына, сөзінің өтімділігіне және басқа да субъективті факторларға байланысты болмауы керек. Бюджет үдерісін «қайта жүктеу» үшін жан басына қарай қаржыландыру тетігі неғұрлым кең қолданылып, бюджет лимиттерін бөлудің объективті әдістемесін енгізілмек. Яғни тұрғыны

көп облыс көбірек бюджет иеленгені дұрыс.

Президент жобалардың сметалық құнын үнемі артық көрсетуді аса өткір проблема деп атады. Бұл балабақша және мектеп сияқты шағын жобаларға да, ірі инфрақұрылымдық жобаларға да қатысты. Ендеше қолданыстағы нормативтік база мен тәжірибені өте қысқа мерзім ішінде түбегейлі қайта қарау керек. Үкімет пен Есеп комитеті 1 желтоқсанға дейін тиісті ұсыныстар енгізуге міндеттелді.

Елдегі экология мәселесі басты назарда. Мейлінше ластанған 10 қала орта мерзімді кезеңде газға не баламалы қуат көздеріне көшірілуі керек.

Қ.Тоқаев өңірлерді дамыту аясында ірі инфрақұрылымдық жобалардың тұтас тобы жүзеге асырылатынын хабарлады. Олардың арасында газ құбырларын, су қоймаларын мен арналарын қайта құру және салу бар. Нақтылай кетсек, биыл батыс өңірлерін газбен қамтамасыз ету ісін жақсарту үшін жалпы сомасы 700 миллиард теңге болатын үш жоба бойынша жұмыс басталады. Бұл — Қашағандағы газ өңдеу зауытының және «Макап-Солтүстік Кавказ» магистралды газ құбырының құрылысы, сондай-ақ, «Бейнеу-Жаңаөзен» магистралды газ құбырын жаңғырту жұмысы. Сунысандарының әкеуі жүйесін сақтап, оны үнемі пайдалану үшін аса маңызды 120 канал қайта жаңғыртылады. Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында жанадан 9 су қоймасы салынады.

САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Президент Жолдауда саяси реформаларға жеке орын бөлді. Шындап келгенде, ол жаңа, төртінші саяси реформалар топтамасын ұсынды.

— Ауыл өкімдерінің тікелей сайлауын енгізу аса маңызды қадам болды. Осы шешім ауыл халқының, яғни қазақстандықтардың 40%-дан астамының

Ауыл өкімдерінің тікелей сайлауын енгізу аса маңызды қадам болды. Осы шешім ауыл халқының, яғни қазақстандықтардың 40%-дан астамының мүддесіне тікелей ықпал етеді. Біз дұрыс жолдамыз.

мүддесіне тікелей ықпал етеді. Біз дұрыс жолдамыз. 2024 жылы азаматтар пилоттық режимде енді аудан өкімдерін сайлау мүмкіндігіне ие болады! Президент Әкімшілігі облыс өкімдіктерімен біртүрлі, ауылдық жерлердегі азаматтық бастамаларды қолдаудың тиімді тәсілдерін әзірлеуі керек, — деді Қ.Тоқаев.

Сайлау тізіміндегі әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота туралы норманы енгізілуі партияларды барынша белсенді жұмыс істеуге, жана адамдар іздеп, өз қатарын жасартуға жетеледі.

— Дегенмен халық қалауыларының түпкілікті құрамы жақталғанда бұл квота сақталған жоқ. Оның толыққанды әсері болуы үшін депутат мандатын бөлу кезінде де осы квотаны міндетті түрде ескеру туралы норманы заң жүзінде бекіту керек. Біз инклюзивті қоғам құрып жатырмыз.

Ерекше қажеттілігі бар тұлғалар әзірге еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде көп емес. Квота бөлінетін азаматтар санатының тізімін кеңейтуді ұсынамын. Онда жастар мен әйелдерден бөлек, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға да квота белгілеу керек, — деді Мемлекет басшысы.

Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына өзгерістер енгізілетін болды.

Құқық қорғау жүйесін де елеулі өзгерістер күтіп тұр. Бірнеше өңірде полицияның сервистік моделі пилоттық режимде жұмыс істей бастады. Келесі кезең — оның ауқымын кеңейту болады.

— Қылмыспен күресудің практикалық мәселелерін назардан тыс қалдырмау керек. Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды. Бас прокуратура алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлейтін болады. Балаларға, соның ішінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарсы жыныстық қылмыстардың алдын алу және оның жолын кесу ерекше бақылауда болуы тиіс. Өскелең ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер — есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар, әсіресе жастар арасында таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын, — деді Президент.

Жолдауда сыйбалас жемқорлықпен тиімді күреске көңіл бөлінген.

ӨРЛЕУҮШІН ҰЛТ ҰЙЫСА КИМЫЛДАУЫ КЕРЕК

Біздің нағыз күшіміз — біртұтастығымыз. Бұл ереже беки түспек.

— Пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез келген көрінісінің жолын кесеміз, егемендігімізге, аумақтық тұтастығымызға қол сұғуға жол бермейміз! Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Этносаралық

және конфессияаралық қатынастың маңызды екенін барлық азамат түсінуі қажет. Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз. Адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап кемсітуге, біреудің намысына тиюге жол бермейміз, заң бойынша жауапқа тартамыз. Конституцияға қайшы мұндай жауапсыз қадамдар еліміздің негізгі мүдделеріне зиян келтіреді, — деді ол.

Президент мемлекеттік тілдің өз ретімен дамып жатқанын айтты.

— Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі шын мәнінде білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл — заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Еңбеше

женілдіктер беріледі. Оларға мемлекет тарапынан белсенді қолдау көрсетіледі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

III бастама аясында еңбекәкы қорынан жиналатын алым жеңілдетілмек.

— Еңбекәкы төлеу қорына түсетін салмақтың өзі барынша түсінікті әрі қарапайым болуы қажет. Бұл, әсіресе, микро және шағын кәсіпкерлік саласында қатты сезіледі. Мұндай бизнес үшін жиынтық салмақтың 34%-дан 25%-ға төмендеті отырып, еңбекәкы төлеу қорына бірінғай төлем енгізуді ұсынамын. Бұл шара бизнесті мыңдаған қызметкерін «көлекенден шығаруға» ынталандырады. Сонда олар зейнетақы жүйесінің, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық қатысушысына айналады. Жаңа жүйе 2023 жылғы I қантардан бастап жұмыс істей бастауы тиіс, — деді Қазақстан Президенті.

VI бастама кітапханашы, архивші, бухгалтерлер және басқа да бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын көтеруді қарастырмақ.

— 2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті. Алайда бюджеттен қаржыландатын өзге сала азаматтары бұдан тыс қалды. Бұлар — мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушілер және басқалар. 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет осы санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіретін болады, — деді Мемлекет басшысы.

Тағы 600 мың отандасымыз бұл бастаманың игілігін көреді.

V бастама аясында елде жаңа тұрғын үй бағдарламасы пайда болмақ.

— Тұрғын үй азаматтарымыз үшін қашан да басты мәселе. «Баспана хит» және «7-20-25» сияқты тұрғын үй бағдарламаларының мерзімі таяу арада аяқталады. Нарықтық ипотека ставкасы бәсеке, әліде жоғары және жұрттың бөріне бірдей қолжетімді емес. Осыған орай бірінғай тұрғын үй бағдарламасы әзірленетін болады.

Ұлттық даму институтына айналатын «Отбасы банк» оның өкімшісі болып белгіленеді. Банк алдында «бір терезе қағидаты» бойынша есеп жүргізіп, азаматтарға тұрғын үй бөлу міндеті тұр, — деді Қ.Тоқаев.

Зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану туралы президенттік бастама әлеуметке де, экономикаға да оң әсер етуде. Сондай-ақ, бұл қадам адамдардың жұмыс берушілерден еңбекәкыны ашық төлеуді, БЖЗҚ-ға жарна аударуды талап етуіне түрткі болыпты. Осы үрдісті қолдау үшін Қасым-Жомарт Кемелұлы зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерінің шегінен асытын бөлігін тұрғын-үй сатып алу мақсатында «Отбасы банкіндегі» есепшотқа аударуға рұқсат берді. Алда бұған қатысты заң Парламентке келеді.

— Құрметті депутаттар! Бүгін Парламенттің кезекті сессиясы басталды. Алдымызда көптеген маңызды міндет тұр. Әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үніліп, оны сапалы дайындау керек. Сіздер халықтың мүддесін қорғау үшін әрдайым табандылық танытуға тиіссіздер. Әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылданыуы қажет. Осы жауапты жұмыста сіздерге сәттілік тілеймін! — деп түйді ел Президенті.

Ол игі бастаманың бәрі сонына дейін жеткізілетінін қадап айтты. Бұл үшін мемаппарат тиімді, біртұтас құрылымдай жұмыс істеуі шарт.

— Мемлекет басшысының бағытына күмән келтіретіндердің, өзіне жүктелген жұмысты еңсере алмайтындардың, уақыт өткізіп босқа отыратындырдың, Президент тапсырмаларын орындаудан жалтаратындардың бәрі атқарып отыратын лауазымынан кетуі тиіс. Біз қазір дамуымыздың шешуші кезеңіне қадам бастық. Мемаппарат біртұтас механизмдей жұмыла жұмыс істеуге міндетті. Тек сонда ғана қойылған мақсаттарға қол жеткізе аламыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының Төрағасы:

Жалпыұлттық күн тәртібінің негізгі басымдықтары



– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арналған Жолдауын жариялап, еліміздің алдында тұрған негізгі басымдықтар мен мақсат-міндеттерді анықтап берді.

Осы ретте, алдымен биылғы Жолдаудың нақтылығын атап өткен жөн. Президентіміз коронавирус пандемиясын және соның салдарынан болған экономикалық дағдарысты еңсерудің, сондай-ақ қазақстандықтардың әлеуметтік арттырудың нақты жоспарын жасап берді. Жаңа құжатта қазір қоғамды алаңдатқан маңызды мәселелер

қамтылған және оларды шешу жолдары ұсынылған.

Жолдауда белгіленген басымдықтар Мемлекет басшысының стратегиялық бағдарын дәйекті түрде іске асыруды көздейді. Бірінші кезекте, шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында шаралар әрі қарай жалғасуда. Президентіміз «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің Жол картасы» бағдарламаларының тиімділігін атап өтіп, олардың мерзімін әрі қарай ұзартуды тапсырды. Соған сәйкес қазақстандық бизнесті қолдау жалғаса береді.

Жолдауда әлеуметтік проблемаларға айрықша басымдық берілген. Оған індеттің халықтың табысы мен әлеуметтік ахуалына айтарлықтай зардабын тигізуі себеп екені сөзсіз.

Осы ретте, Мемлекет басшысының ең төменгі жалақыны 42 мыңнан 60 мыңға дейін көтеру, қызметкерлерінің еңбекақысын көбейткен жұмыс берушілерге жеңілдіктер беру, еңбекке тәуелсіз қорына түсетін жүктемені азайту және бизнес үшін бірінші төлем енгізу сияқты бастамалары қазақстандықтардың табысын арттыруға арналып отырғанын айтқан абзал.

Президентіміздің мектептердегі орын тапшылығын жою бойынша берген нақты тапсырмасы да өте өзекті. Соған сәйкес 2025 жылға дейін салынуы тиіс мектептер саны 800-ден 1 000-ға дейін көбейтілді. Жолдауда зейнетақы жинақтарының пайдалану арқылы қазақстандықтардың тұрғын үй мәселесін шешуге арналған қосымша шаралар да айтылды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы инфляцияны 4-6 пайыз деңгейінде ұстап тұру туралы нақты тапсырма беріп, азық-түлік бағасының бақылаусыз өсуіне жол бермеу қажеттігін айтты.

Жолдаудың ауқымды бөлігі өңірлер мен ауыл-аймақты дамыту мәселесіне арналған. Сенаторлар негізінен өңірлердің өкілдерінің сайланатындықтан, Мемлекет басшысының бұл бағыттағы тапсырмалары біздің Палата үшін аса маңызды.

Барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын бағалау тәсілін оңтайландыру, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы теңсіздікті азайту және олардың қаржылық дербестігін арттыру бойынша тапсырмалар берілді. Еліміздің ішкі байланысын жақсарту үшін көлік инфрақұрылымына қатысты бұған дейін басталған барлық жобаны аяқтау керектігін айтты.

Мемлекет басшысы су ресурстарын үнемді пайдалану мәселесіне назар аударып, тиісті органдардың алдына су инфрақұрылымын жаңғырту, өнеркәсіп пен экономиканы экологиялық тазарту және еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін қойды. Жолдауда ауыл тұрғындарын алаңдатып отырған жайылым жерлермен қамтамасыз ету мәселесі де сөз болды.

Президентіміз мемлекеттік аппаратқа ебін тауып орнында отыра беру және тапсырмаларды орындаудан жалтаруға ешқандай жол берілмейтінін шегелеп тұрып айтты, негізгі басымдықтарды нақты көрсетіп берді. Қазір еліміз дамуын шешуші кезеңіне қадам басты. Сондықтан мемлекеттік аппарат біртұтас құрылым ретінде жұмыс істеуге міндетті.

Бұл ретте, Парламентке де Президент бастамалары мен тапсырмаларын іске асыруға арналған заңдарды дер кезінде қабылдау міндеті жүктеліп отыр. Парламент Сенаты осы бағытта барлық мүдделі тараппен бірлесіп жұмыс істеуге және Мемлекет басшысының елімізді жаңғырту бағдарын іске асыруға өз үлесін қосуға дайын.

Нұржан НҮРСИПАТОВ,
Парламент Сенаты Халықаралық қатынастар,
қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы:

Белсенді жұмыс істей береміз



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында бүгінгі күні кезек күттірмей шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселені көтерді. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған басым бағыт белгіленіп, ол бойынша 2025 жылға дейінгі дамуын Жол картасы қабылданатынын болды.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы ретінде Президенттің қорғаныс кабинетін нығайту қажеттілігі туралы айтқандарын толық қолдаймын. Қауіп-қатерлерге ден қоюдың жеделдігін арттыру да мемлекеттік маңызды бар басымдық болуы тиіс. Ауғанстандағы қазіргі жағдай бәріне белгілі. Бұл географиялық тұрғыдан бізге жақын елде болған кезде, басты міндет – қырағылықты жоғалтпау және қауіпсіздігімізді нығайту. Сондықтан Мемлекет басшысы сыртқы қауіп-қатерлерге, кез келген жағдайдың ушығуына дайын болуға тиіс екенімізге ерекше назар аударды.

Рас, бұл елде болып жатқан оқиғалар Қазақстанға тікелей қауіп төндірмейді. Бірақ белгілі бір қауіп-қатер туғызатынын түсіну керек. Біз Ауғанстандағы жағдайға қатысты қоғамда алаңдаушылықтың артқанын көріп отырмыз. Сондықтан халықаралық жағдай ушығуы біздің күш құрылымдарымыздың барынша жұмылуға жұмыс істегені жөн. Қазір күштік құрылымдарымыздың барлық тиісті бөлімшелері үшін белгілі бір міндеттер туындап отыр. Бұл бойынша да болашақта мемлекеттік аппараттың іс-қимыл жоспары әзірленіп, түзетілетін болады. Жаһандық шиеленістің өсуін ескере отырып, Қазақстан Президенті алдына қорғаныс өнеркәсібі кешені мен әскери доктринаны қайта жүктеу міндетін қойып отыр. Сондай-ақ әскери қызметшілердің азаматтық мамандықтарды игеруі қажет. Қорғаныс министрлігі алдына нақты міндеттер жүктелді. Қарулы Күштерді дамыудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының барлық басымдықтарын толық көлемде іске асыруға, әскери қауіпсіздік қатерлеріне жедел ден қою үшін басқару органдарын даярлау жөніндегі іс-шараларды жалғастыруға назар аударды. Жоғарғы Бас Қолбасшы барлық ок-дәрілер қоймаларында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қатаң шаралар қабылдауды және елді мекендерден алыс жерде заманауи сақтау нысандарының құрылысын тездетуді талап етті. Тиісті қаражат «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы шеңберінде көзделуі тиіс. Ал біз өз кезегімізде Жолдауда айтылған басымдықтар мен нақты міндеттерді іске асыру үшін белсенді жұмыс істей береміз.

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН,
Парламент Мәжілісінің Төрағасы:

Елді дамытуға арналған стратегиялық құжат



Ал біздің депутаттық қорыстың ендігі басты мақсаты – ол осы барлық бастамаларды сапалы заңдармен қамтамасыз ету.

Нұрғөре ЖҮСП, Парламент Сенатының депутаты:

Жөні де, мәні де ерек



– Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауын жариялады. Президент бірлескен отырысқа қатысқан Парламент депутаттарына әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үніліп, оны сапалы дайындау қажеттігін айтты. Халықтың мүддесін қорғау жолында әрдайым табандылық таныту керектігін еске салды. Әрбір шешім елдің сұранысын, мемлекеттің мүмкіндігін ескере отырып қабылдануы қажет деген ойды алға тартты.

Шын мәнінде, биылғы Жолдаудың жөні де, мәні де ерек. Президент қаржы, цифрландыру, қорғаныс, ауыл шаруашылығы, денсаулық, білім және ғылым, басқару реформасы, геология, экология, саяси және сот-құқықтық реформа, ұлтаралық келісім, спорт, мәдениет, егемендікті қорғау, территориялық тұтастық, демография мәселелерін қалау-қадау ұсыныстармен шегеленді. Бірі де елдің өзекті мәселесі.

Бұл Мемлекет басшысының сайлаудың бағдарламасында айтылған жайттар. Президент соның бәрін дәйекті және табанды түрде іске асыруға мықтап кіріскенін аңғаруға болады. Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуі қажет екенін қадап тұрып айтты. «Мемлекет басшысының саясатына күмәнмен қарайтындыр, жұмысын атқара алмайтындыр, уақыт өткізіп босқа отыратындыр мен Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындыр болса, қызмет орындарын босатулары керек. Біз қазір дамуымыздың шешуші кезеңіне қадам бастық. Мемлекеттік аппарат біртұтас механизмді жұмылып жұмыс істеуге міндетті. Тек сонда ғана біз мақсатымызға жете аламыз», – деді.

Бұл нені аңғартады? Мемлекет басшысы кездескен қиындықтар мен түрлі сынақтарға қарамастан, өзінің бағдарламасын жүзеге асыруға табанды тұрып кіріскенін білдіреді. Мемлекет қаржысын оңда-солды жұмсауды доғару қажеттігін айта келе, Президент қаржы-қаражат саясатына қатаң бақылау жасау керектігін айтты. Ендігі таңда мемлекет банктерге қаржылай қолдау көрсетпейді! Аңғарған адамға бұл – үлкен нәрсе.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1 қантарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 42 500 теңгеден 60 мың теңгеге дейін көбейту туралы шешімін жария етті. Бұл мыңдаған адамның тұрмыс-тіршілігі өзгереді, әлеуметтік жағдайы жақсарды деген сөз.

Мемлекет басшысы соңғы 10 жылда кәсіпорын иелерінің табысынан 60 пайызға арта қалып келген еңбекақы қорын көтеру қажеттігін айтты. Осы орайда Үкіметке жұмысшылардың жалақысын көтеру үшін бизнесті ынталандыру шараларын әзірлеуді тапсырды. Микро және шағын кәсіпкерліктің еңбекақы төлеу қорынан алынатын бірінші төлем көлемін 34 пайыздан 25 пайызға дейін төмендетуді ұсынды. Бұл бизнестің мыңдаған қызметкерін «көлекелі айналымнан» шығаруға, зейнетақы, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерінің толық қатысушысы болуына ықпал ететіні сөзсіз.

Биылғы Жолдауда еліміздің мәдениет саласы қызметкерлеріне орасан қолдау жасалды. Президент 2022 жылдан 2025 жылға дейін мәдениет қызметкерлерінің, мұрағатшылардың, кітапханашылардың, техникалық қызметкерлердің, қорықшылардың, көлік жүргізушілерінің және басқалардың жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіруді тапсырды. Сондай-ақ зейнетақы қорындағы жинақтардың алуға болатын бөлігін «Отбасы банктегі» есепшотқа аударып, сол арқылы баспана сатып алуға рұқсат беру керек екенін айтты. Бұл – өзекті мәселе.

Бір сөзбен айтқанда, Мемлекет басшысы ел дамуының негізгі басымдықтарын айқындап, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру – өзінің Президент ретіндегі басты мақсаты екенін, осы бағыттан бір қадам артқа шегінбейтінін нақты көрсетті.

Ерлан САИРОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

Саяси реформа іс жүзінде орындалып келеді



– Президент Жолдауында еліміздің күрделі әлеуметтік мәселелерін шешудің, экономиканы дамытуды тездетудің алғышарты айтылды. Ең бастысы, коронавирус кезінде халықтың әлеуметтік жағдайын ұстап тұру. Сондықтан ең маңызды міндеттің бірі – төменгі жалақы мөлшерін өсіру. Бұл – үлкен қадам. Бұл шара 1 млн адамды тікелей қамтитын болса, еңбек етіп жүрген барлық азаматтарға жанама түрде әсер етеді. Яғни, төменгі жалақыны өсіру тапсырмасы орындалса, ТМД елдерінің ішінде жалақысы жоғары ел боламыз.

Екіншіден, кітапхана, мұрағат қызметкерлері жалақысын өсіру туралы айтқаны орынды. Себебі осы күнге дейін олардың жалақысы өте төмен болып келді. Бұл халықтың рухани әлеміне де тікелей әсер ететін дүние. Сонымен қатар ауыл өкілдерінің сайлауы біткен соң, 2024 жылы пилотты түрде аудан әкімдерінің де сайлауы болады. Бұл да еліміздегі саяси реформалардың іс жүзінде жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Мемлекеттік тіл жөнінде де тұшымды ойлар айтылды. Қазақстанда жалғыз ғана мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді біліп, меңгеру – әрбір қазақстандықтың парызы және міндеті. Мемлекет қазақ тілінің қолдану аясын арттыруды жалғастыра береді. Бұл қадамды диалог пен келісім режимінде іс жүзінде асырылуы тиіс. Бұл – халықтың әлеуметтік стандарттарын арттырып, дамыту үшін үлкен қадам. Саяси плюрализм мен қоғамдық реформалар салмақты, саликалы түрде, ыждағатты түрде жүріу керек.

Аида БАЛАЕВА,
Ақпарат және қоғамдық даму министрі:

Аудан әкімдерін сайлауға мүмкіндік беріледі

– Тәуелсіздігіміз алғаш жарияланғандан бастап еліміздегі ішкі саяси тұрақтылық мен этносаралық татулыққа қадірлері біздің мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы болып келеді.

Осының арқасында егемен еліміз осы 30 жылдағы жаһандық дамуда жоталы жетістіктер мен белерлі биіктерді тұрақты бағындырып келеді. Дегенмен жетістікке жету бар да, оны сол деңгейде ұстап тұру бар. Бұл тек билік пен халық арасында сауатты да сындарлы байланыс орната алған қоғамда мүмкін болады. Сондықтан да мемлекет әлеуметпен арадағы осы диалогті сақтап қана қоймай, өзара сенім деңгейін түсірмей, оны ары қарай нығайта жетілдіру үшін үнемі қажетті шараларды қабылдап келеді. Оның жарқын бір мысалы – құрылғаннан бері іс-әрекетімен сенім үдесінен шыға білген Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық келісім кеңесі. Бүгінде бұл тек консультативті қанес ресурсы ғана емес, мол интеллектуалды мүмкіндігі бар тиімді әрі әлеуетті құрылым. Мемлекет басшысының алдыңғы Жолдауларында айтылған реформалар нәтижелі де толыққанды іске асуына тын серпін беретін күшке айналды. Президент бүгінгі халыққа арнаған үшінші Жолдауында да елімізде жүргізіліп жатқан саяси жаңғыру реформаларын жүйелі жалғастырудың маңызына ерекше мән берді. Бұл ретте, ел басшысының Ұлттық кеңес мінберінде көтерген бастамалары негізінде сәтті іске асқан саяси реформалар пакетін атап өтуге болады. Нәтижесінде, қоғамда қордаланған көптеген маңызды қоғамдық-саяси және әлеуметтік-құқықтық мәселелер өз шешімін тапты. Мысалы, аудандық деңгейдегі қалалар мен ауыл әкімдерін сайлау реформасы соның айқын да жарқын дәлелі бола алады. Еліміздің 14 өңірінде құрылған 1 847 сайлау учаскелерінде өткен аталған сайлауда 2 297 үміткердің ішінен ел тұрғындары 730 жергілікті әкімді сайлап алды. Соның ішінде, олардың 627-сі «Ауыл», «Ақ жол», ХКП, ADAL секілді саяси партиялар ұсынған үміткерлерден таңдалды. Мұның өзі Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформалардың саяси партиялар мен азаматтық қоғам алаңындағы белсенділікті одан ары жандандыруға тын серпін бергенін көрсетеді.

Сондықтан да Президент бұл бағытта қолға алынған шаралардың дұрыстығына кезекті рет тоқталып, 2024 жылы тұрғындарға аудан әкімдерін сайлауға мүмкіндік беретінін атап өтті. Мұнымен қоса, Мемлекет басшысы жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру ісінде ауылдық жерлердегі азаматтық бастамаларға қолдау көрсетудің маңызына назар аударып, гранттық қаржыландыру жүйесін бейімдеудің тиімді тетігін әзірлеуді тапсырды. Сөз жоқ, аталған шаралардың барлығы да саяси сауатты, демократиялық түсінігі пісіп-жетілген, әлеуметтік белсенділігі жоғары азаматтық қоғам құру жолындағы қарымды да арынды қадам деп білемін.

Мадина БЕКТЕНОВА,
Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері:

Вакцина алудың маңызын ашып көрсетті



– Президент Қ.Тоқаевтың бүгінгі Қазақстан халқына Жолдауы ауқымды бағдарламалық маңызы бар құжат.

Оның ішінде мемлекеттік аппарат және жалпы қоғам үшін ұзақмерзімді бағыт-бағдарлар, әрі қазіргі өзектілігі жоғары басымдықтар нақты айқындалып, сарабал іс-әрекетке жетелейтін нық қадамдар көрсетілген. Жыл сайынғы Жолдауды күздің алғашқы күні жариялау да жай кездейсоқтық емес, ол Парламент үшін де, Үкімет үшін де жана жұмыс маусымының жана міндеттері іспеттес.

Мемлекет басшысы халықтың көкейінде жүрген басты проблемаларды ашық көрсетті. Атап айтсақ, еліміздің экономикасын көтеруге және әлеуметтік жағдайды тұрақтандыруға бағытталған қаражаттың дұрыс жұмсалуына, ауыл шаруашылығы секторындағы көкейкесті ахуал, аймақтардың жағдайын қиындау түскен су мен жемішөп тапшылығы, білім беру мен ғылым саласындағы қиындықтар және басқа да жүйелі шешімдерді қажет ететін мәселелер. Осылайша, Президент қарапайым заттар экономикасы, табиғи және техногендік ресурстардың тапшылығы жөнінде есімізге салып, оларды сақтау мен көбейту бойынша нақты міндеттерді көрсетіп берді.

Жолдауда көрсетілген ғылымды дамытудың басымдықтары мен тапсырмалары ғалымдар қауымдастығы мен ғылыми-зерттеу институттарының көптен күткен күрделі мәселелерінің оңтайлы шешімі екені анық. Жақында Ұлттық университеттердегі профессорлардың жалақысы 450 мың теңгеден кем болмасын деген министрлік талабы шыққан. Енді Мемлекет басшысының тапсырмасымен ғалымдарға берілетін мемлекеттік гранттар мерзімі 3 жылдан 5 жылға дейін ұзартылады. Ол бастама іргелі, сондай-ақ практикалық маңызы бар ғылыми-зерттеулердің сапасын көтеруге және ғалымдардың бір зерттеу тақырыбын ұзақ мерзімде, жан-жақты, терең зерттеуге жол ашатынын сөзсіз. Ғылым саласында заңнаманы өзгерту жөнінде пікірталастардың орын алып жатқаны белгілі, осы ретте жыл соңына дейін «Ғылым туралы» заңға тиісті өзгертулер енгізу жөніндегі Президент тапсырмасы уақытылы әрі пәрменді қадам.

Халықтың әл-ауқатына тікелей әсер ететін денсаулық саласы да Президент назарынан тыс қалған жоқ. Вакцинаның көмегімен талай қауіпті індеттерге тосқауыл қойыламын еске сала отырып, ол еліміздің вакцина мәселесіне жоғары жауапкершілікпен қарап, жүйелі түрде вакцина қорларын көбейтіп тұруға тапсырма берді. Әрине, бұл бүкіл әлемді жаулап, мутацияға ұшырау арқылы медицина мен ғылым өкілдерін қиын жағдайға түсіріп жатқан коронавирус инфекциясына да, басқа да эпидемиологиялық қатерлерге қарсы тұрып тосқауыл қою үшін ауқымды әрі жүйелі жұмысты қажет етеді.

Елдегі вакцинаға деген қарама-қайшы көзқарастардың бар екенін мойындап, Мемлекет басшысы отандық вакциналардың қауіпсіздігін жөнінде ақпарат беріп, азаматтарды вакцинадан қорықпай, ресми ақпаратқа сүйеніп, өз денсаулығы мен жақындары үшін вакцина алудың маңызын ашып көрсетті.

Осы орайда жақында QazVac отандық вакцинасы клиникалық сынақтан өткізіліп, бірінші және екінші кезең нәтижелері THE LANCET еуропалық журналында жарияланды.

Президент Қ.Тоқаев ел тұрғынын биіктету мен тәуелсіздігімізді нығайтуда ең бастысы ұлттың ұйысуы, ұлтаралық келісімнің және өзара сыйластықтың болуы маңызды екенін осы Жолдауда тағы да ерекше атап көрсетті. Мемлекеттік тілдің конституциялық деңгейдегі мәртебесін және ұлт бірлігі үшін маңызы рөлін айта келіп, Мемлекет басшысы өзге тілдер мен ұлт өкілдерін сыйлау арқылы елдегі бейбітшілік пен келісімді сақтауға шақырды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Ербол Қарашөкеев Ауыл шаруашылығы министрі болып тағайындалды.

Жолдау заң шығарудың нақты бағытын белгілейді



Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен палатаның VII шақырылымның екінші сессиясындағы алғашқы жалпы отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі мәселеге кіріспес бұрын Мәжіліс Төрағасы депутаттық корпусының назарын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған басымдықтарына тоқталды.

Сонымен қатар Мәжіліс Төрағасы бюджет-қаржы жүйесін жақсарту, елді саяси жаңғыртуды жалғастыру сияқты міндеттерге де назар аударып, осы тапсырмалардың барлығы Парламенттің алдағы кезеңдегі заң шығару жұмысы үшін де айқын бағыт бергенін атап өтіп, Мәжіліс депутаттарына, Қазақстан Президентінің Жолдауында белгіленген елді жүйелі жаңғырту үшін мықты заңнамалық базаны сапалы және жедел құру қажеттігіне назар аударды.

Мәжіліс Спикері депутаттар қарауындағы заң жобалары туралы айта келіп, қазір палатада қаралып жатқан өнеркәсіптік саясат туралы заң жобасына, ел Президенті әзірлеп, қабылдауды тапсырған агромерацияны дамыту, кәсіби біліктілік туралы заң жобаларына да тоқталды.

Нұрлан Нығматулин алдымызда Әлеуметтік кодекс жобасымен жұмыс тұрғанына, осы және басқа да заң жобалары бойынша барлық жұмысты, әдеттегідей ашық және транспарентті түрде жүргізетінін, оған азаматтық қоғам, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің белсенді түрде қатысуымен өткізілетін атап өтті.

Бүгінгі жалпы отырыста Палата комитеттері қорытынды әзірлеу үшін бірқатар жаңа заң жобаларын жұмысқа алды. Олар: Ұлттық қордан 2022-2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы, 2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы, сондай-ақ Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы заң жобасы.

Сонымен қатар Қылмыстық кодекске өлім жазасы мәселелері бойынша түзетулер енгізу туралы, құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне түзетулер енгізу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары бойынша қорытынды әзірленетін болады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы және оған ілесіп заң жобалары, бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша және көлік мәселелері туралы жаңа заң жобаларын Палата комитеттері жұмысқа алды.

Осы жұмысқа алынған жаңа заң жобаларының қатарында бірқатар ратификациялық құжаттар бар. Атап айтқанда, дербес деректер алмасу саласындағы әкімшілік мәселелер бойынша өзара құқықтық көмек туралы, Еуразиялық экономикалық комиссияның бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде құпия ақпаратты қорғау тәртібі және оны жария еткені үшін жауаптылық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама және Қазақстан мен Қырғыз Республикасы және Тәжікстан Үкіметтері арасындағы өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімдерді және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер қарулы күштерінің бірлескен гуманитарлық минаяздандыру инженерлік бөлімшесі туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобалары бар.

Отырыс соңында Мәжіліс депутаттары мемлекеттік органдар басшыларына депутаттық сауал жолдады. Сондай-ақ Мәжілістің жалпы отырысында Парламент Мәжілісінің депутаты А.Сембиновтің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы қаулы қабылдады. Сондай-ақ Парламент Мәжілісінің депутаты Н.Ожаев ант беріп, Аграрлық мәселелер комитетінің құрамына сайланды.

Ж.НҰРЛАН

Елімізде қанша мигрант жүр?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің есебіне сүйенсек, біздің елде рұқсаты бар 15 786 шетелдік жұмыс істеп жүр. Ал Халықаралық көші-қон ұйымының 2020 жылғы санағы бойынша Қазақстанда 500 мыңнан астам еңбек етеді.

ЗАҢДЫ ТҮРДЕ ТІРКЕЛГЕН ШЕТЕЛДІКТЕР АЗ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ішкі нарықты қорғау үшін жыл сайын шетелдік мамандарды алудың квотасын бекітеді. 2021 жылы ол 29,3 мың деп белгіленген. 2020 жылы квота 43 мыңға жеткен болатын, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес, биыл оның саны 40 ға азайтылды. Алайда ЕАЭО елдерінің мигранттары бұл есепке енбейді, олардың Қазақстанда жұмыс істеуіне еш шектеу жоқ.

Соңғы жылдары Қазақстанда заңды түрде тіркеліп, жұмыс істеп жүрген елдердің алғашқы бестігін Қытай бастап тұр. Жұңго елінің мамандары негізінен құрылыс, тау-кен өндірісі, өңдеу өнерәсібі салаларында еңбек етеді. Саудаға жүрген қытайлықтар да бар. Жалпы, шетелдік қызметкерлердің төрттен бірі — қытайлықтар.

Одан кейінгі орында Өзбекстан мен Түркиядан келген жалдамалы жұмысшылар тұр (тіісінше 11% және 10%). Өзбектер ауыл, орман, балық шаруашылығында және құрылыста еңбек етеді. Түріктер негізінен құрылыс индустриясында. Үндістер — 7%, Ұлыбритания мамандары — 6%.

Министрліктің мәліметінше, елімізде 40 пункт бойынша жалпы саны 15 786 шетелдік жұмыс істеп жүр. Олардың қатарында Нидерланд, Италия, АҚШ, Франция, Германия сияқты дамыған елдер мен Әзербайжан, Тәжікстан, Румыния, Түрікменстан және тағы басқа дамушы мемлекеттер бар. Бұлар ел заңы бойынша заңды түрде тіркелген, табысынан бюджетке салық төлеп отырғандар, ал заңсыз жүрген мигранттар бұл есептен әлденеше есе көп.

133 МЫҢ МИГРАНТ ЕЛДЕН ШЫҒАРЫЛДЫ

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың айтуынша, ақпан айында «Мигрант» жедел алдын алу шарасы барысында елден 133 мың заңсыз мигрант шығарылған.

«Індет үдеп тұрған кезде мыңдаған шетелдік Қазақстанда қалып қойды. ІІМ көш-қон қызметінің, шет мемлекеттер өкілдерінің және Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның көмегімен олардың құжаттары рәсімделіп, 133 мың заңсыз мигрант елден шығарылды. Төлқұжатының пайдалану мерзімі өткен 675 шетелдік қайтадан куәлік алды», — деді Ерлан Тұрғымбаев.

Сондай-ақ көші-қон заңнамасын қасақана бұзу фактілері де көп әшкереленген. Мәселен, Шымкентте Қытайдың 62 азаматы және Өзбекстанның 70 азаматы жұмысқа заңсыз қабылдаған бірқатар заңды тұлға анықталған. Жалпы, жыл басынан бері 582 жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін тиісті рұқсатсыз пайдаланғаны үшін жауапқа тартылды. Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру фак-

тісі бойынша 28 қылмыстық іс тіркелген. Одан бөлек, жедел профилактикалық шаралар кезінде іздеуде жүрген 140 қылмыскер ұсталған.

«Қазақстанда біздің отандастарымыз ғана емес, шетелдіктер де өздерін қауіпсіз сезінуі керек. Сондай-ақ елде уақытша жүрген қонақтардың да заңды құрметтеуі міндетті. Сондықтан көші-қон қызметінің бұл бағыттағы жұмысы тұрақты түрде жүргізілуі қажет», — дейді министр Е.Тұрғымбаев.

ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСШЫЛАР САЛЫҚ ТӨЛЕУІ ТИІС

Әдетте, біз ТМД бойынша Ресейде мигрант ең көп деп ойлаймыз. Бірақ халықтың пайыздық үлесіне шаққанда Қазақстанда да сырттан келушілердің жетіп артылатынын байқайсыз. Оның үстіне, Орта Азиядағы көршілер үшін Ресейден гөрі мәдениеті мен діні ұқсас, ұлтаралық ахуал жақсы және мигранттардың жұмыс істеуіне қауіпсіз біздің ел көп жайлы. Сөйте тұра, мигранттардың көпшілігі Қазақстан заңдарына мойынсына бермейтінін, тапқан табыстары үшін бюджетке салық төлемейтінін, ел экономикасынан қыруар қаржыны алып кетіп жатқанды ескеруіміз керек.



«Кейбір сарапшыларымыз алдағы жылдары мигранттар саны 1 миллионға дейін жететінін айтады. Бүгінде олардың тек 300 мыңдайы заңды түрде тіркеліп жұмыс істейді. Ал көпшілігі тіркелмейді. Олардың арасында қомақты қаржыны қалтасына басатындар да аз емес. Олар Үкіметке не салық төлемейді. Менің ойымша, біз мигранттарға кепілдік депозит ашуды міндеттеуіміз керек. Егер мигранттар заң бұзып, оларды елден аластату қажет болғанда осы кепілдік депозитіне салымы бюджетке аударылатын болады. Бұл қаржы оларды елден шығарып жіберумен байланысты шығындардың орнын жабады еді. Ресейде мұндай заң бар», — дейді экономист-сарапшы Дәурен Арын.

Дәурен Арынның айтуынша, мигранттар табысының кем дегенде 40 пайызы елімізде қалуы тиіс. Сондай-ақ оларды жалдайтын жұмыс берушілердің де мемлекетке арнайы салық төлеуін міндеттеу керек екенін айтады.

«Жұмыс берушілер мигранттың жауапкершілігін өз мойындарына толықтай алса, онда олар тарапынан жасалатын қылмыс та, заңсыздық та азаяды. Мәселен, 2019 жылы жалғыз ғана Тәжікстанның өзінен елімізге 100 мыңнан астам мигрант келді. Қазақстан билігі олардың санын азайтамыз деп екі жылдан бері жанталасып келеді, бірақ одан нәтиже аз. Тәжіктер Алматының сауда базарларында сол баяғысынша тауарын

сатып, емін-еркін жүр», — дейді экономист-сарапшы Тоғжан Шаяхметова.

Оның айтуынша, еңбек мигранттарын бақылап отыруға тиісті органдардың жұмысын жетілдіру қажет. Сондай-ақ мемлекет жыл сайын қанша мигрантты қабылдай алатыны туралы арнайы қаулы-шешім шығарып отыруы керек.

АУҒАННАН БОСҚЫНДАР АҒЫЛУЫ МҮМКІН

Енді тәліптердің Ауғанстанның көп бөлігін басып алуына байланысты Орта Азия аумағын, оның ішінде «Қазақстанға босқындар қаптай ма?» деген қауіп те күшейе түсті.

«Рас, тәліптерден бізге қауіп жоқ. Бірақ Ауғанстандағы саяси ахуалдың өзгеруі — біздің көрші мемлекеттер үшін үлкен қауіп. Тәліптер елдің солтүстік провинциясындағы тәжіктерге, өзбектерге, түрікмендерге қысым жасаса, олар өздерінің тарихи Отандарына ат басын бұрады. Бірақ көршілеріміздің экономикалық жағдайы нашар, олар босқындарға тиесілі көмек пен жәрдемақы беруге дәрменсіз. Сондықтан босқындар өз елдеріне тұрақ тамай, Қазақстанға қарай ағылуы мүмкін», — дейді ауған соғысының ардагері, Мәжіліс депутаты Бакытбек Смағұл.



Бұл мәселенің екінші жағы да бар. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының келісімі бойынша мұндай жағдайда Қазақстан оңтүстіктегі көрші елдерді қорғауға қатысуы тиіс болады.

Ауғанстаннан, басқа шетелдерден келген студенттерге Қазақстанда оқу тiлiн таңдауға еркіндік берілген. Әрине, орыс тілінің қолданысы аясы кең болғандықтан, олардың барлығы дерлік орыс тілін таңдайды. Осы жерде біз мемлекет қаржысын шығарып, олардың бөтен мемлекеттің тілінде оқуына неге жағдай жасап отырмыз деген сұрақ туады?! Сонда біздің мемлекеттіміз қайда? Мемлекеттік тілді қорғау міндеті қайда?

СӨЗ СОҢЫ:

Сөйте тұра, Қазақстаннан кейінгі жылдары 300 мың жас шетелге кеткен. Мәселен, Оңтүстік Кореяда он мыңдаған отандасмыз гестербайтер болып жүр. Ал мектеп тұлғектерінің 60 пайызы Ресейге босқан.

Халықаралық миграция ұйымының тапсырысымен жүргізілген зерттеуде шетелге кеткен әр ұш адамның біреуі қазақ екен. Олардың 25 пайызы — 15-28 жас аралығында, 77 пайызы — жоғары білімді. Бұл жерде шетелге барып-келген жастардың саяси, діни фанатизмді және дүниетанымдық идеологияның бірін қалайда сіңіріп қайтатынын да ұмытпаған абзал.

Дәулет АСАУ

Көкшетауда студентке баспана тапшы

Жаңа оқу жылы басталып, оқушылар мен студенттер оқу орнына қайта орнала бастады. Қажетті оқу құралдары мен киім-кешектерін түгендегенімен, шалғай ауылдар мен еліміздің әр түрлі аудандарындағы оқу орындарында ерекше байқалған. Мыңдаған студент пен ата-ана балаларына қаладан жалға берілетін пәтер іздеп, тентіреп кеткен.



хабардар халық пәтер бағасын бірден аспандатып жіберген. Оқуға келген студент жастар енді шәкірт-ақысының тек пәтерді жалдау ақысына кете ме деп қауіптенеді. Өйткені қазір қалада бір бөлмелі пәтердің жалдау құны 60-70 мың теңгеге жетіп жығылған.

БІР АПТА ІШІНДЕ ҚАЛТАМДАҒЫ БАРЫМНАН АЙЫРЫЛДЫМ...

«Биыл үшінші курста оқимын. Грантка түскен соң алыс та болса Көкшетауға оқуға келдім. Осыған дейін екі курс бойы жатақханада тұрып оқығанмын. Биыл университет жатақханадан орын болмайтын бірден айтты. Енді пәтер жалдауға тура келіп тұр. Университет манынан пәтер табылатын түрі жоқ. Жалға берілетін пәтердің

бәрі қазірдің өзінде студенттер алып қойған. Бағалары өте қымбат. Тәуліктік жалға берілетін пәтерге күніне 6 мың теңге төлеп жүрмін. Бір апта ішінде қалтамдағы барымнан айырылдым. Пәтер таппасам қалай оқитынымды білмей дал болдым», — дейді Жақып Еділов есімді студент.

7 МЫҢҒА ЖҰЫҚ СТУДЕНТКЕ ЖАТАҚХАНА ЖЕТІСПЕЙДІ...

Көкшетау қаласындағы ең ірі жоғары оқу орындарының бірі Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті де жатақханадан орын жетпей жатқанды ашық мойындады. Оқу орнында тек биылдың өзінде 2 060 адам оқуға түскен. Бұл — солтүстік өңірлердегі жоғары оқу орындарының ішінде студенттердің ең

көбі. Ал оқу орнының бес жатақханасындағы жатын орын 1 350 студентке шаққанда. Яғни, жатын орындарының саны бірінші курс студенттерінің өзіне де жетпей қалған.

«Бүгінде біздің Шоқан Уәлиханов атындағы университетте 8 мың студент бар. Соңғы он жылда студенттер саны осыныша болған емес. Ал бұл өз кезегінде аса күрделі мәселе туындатып отыр. Жатақханаларымызда жатын орындары жетіспей жатыр. Біз облыс орталығындағы ең үлкен «Көкшетау» мейманханасымен студенттерімізді орналастыру үшін меморандум жасағанбыз. Олар 150 жатын орын берген. Қазір барлық орын толықтай студенттермен броньдалған. Тағы екі кішкентай хостел бар еді. Ол да студенттерімізбен лық толып қалды. Қала кішкентай болған соң студенттерге жатақханадан орын табу мүмкіндігі болмай тұр», — дейді Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің проректоры Ғалым Байтұқ.

Университет басшылығының айтуынша, қазір оқу орнының жатақхана сала қоятынды қаражаты жоқ. Дегенмен университет мемлекет пен жекеменшік әріптестік шеңберінде кәсіпкерлердің қолдауымен 500 орындық жатақхана салуға құжат әзірлеген. Бірақ бұл да жатақхана тапшылығын жоймайтыны анық. Университет басшылығы осы орайда жергілікті ат-

қарушы органдардың жаңа жатақхана ретінде қайта жабықтау үшін ғимарат бөліп, мәселені шешу мүмкіндігін қарастырса екен дейді.

АРАҒА БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІН САЛАДЫ...

«Университет басшылығына жоғары курс студенттері күн сайын жатақхана мәселесіне байланысты жағдайын айтады. Бірақ бізде оны шеше салатын еш мүмкіндік жоқ. Жатақханада қазір кезек бойынша басымдықта ең алдымен «Серпін» бағдарламасымен келген 1-курс студенттері, одан кейін жалпы грант алған 1-курс студенттері, жетім студенттер, мүмкіндігі шектеулі студенттер мен ақылы оқуға қабылданған 1-курс студенттерін қоныстандырып жатырмыз. Жасыратын несі бар, мәселені Білім және ғылым министрлігін немесе БАҚ-ты араластырып шешуге тырысып жатқан студенттер мен ата-аналар бар. Бұл жағдайда, тіпті Үкіметтің де көмектесе алмайтынын ашық айта аламын. Сыбайлас жемқорлыққа қауіп туындайтындықтан, біз қолмен толтырып қоныстандырудан бас тарттық. Қазір студенттерді орналастыру eGov және Platonus электронды базалары арқылы жүргізіліп отыр», — дейді Ғалым Байтұқ.

Жоғары оқу орнымен қатар колледж студенттері де жатақханадан орын таппай, пәтер жағалап кетуге мәжбүр болған. Ақан сері

атындағы Көкшетау мәдениет колледжінде де студенттерді орналастыру аса күрделі болып тұр.

«Бізде дәл қазір 205 студентке жатақханадан орын жетіспей тұр. 1-курс студенттеріне орын жетіспей жатса да, төртінші қабаттағы оқу процесі өтетін бөлмелерді босатып, 85 студентті орналастырады. Бірақ бұл жатақхана жетіспеушілігін шеше алмайды. «Балаларымыз орыстын жетім бұрышын қалай паналайды? Пәтер таба алмай жатырмыз», — деген ата-аналар көп. «Қазір тек 1-курсарды қабылдап жатырмыз. Сіздердің балаларыңыз жоғары курсқа өтті» деген уәж айттып жатырмыз. Басқа амалым да жоқ. Дегенмен 240 орындық жатақхана құрылысы басталды. Бүгінде іргетасы қаланып жатыр. Құрылыс 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталмақ», — дейді Ақан сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжінің директоры Құралай Ғазизқызы.

P.S. Сонымен, тапқан-таянғанын баласы үшін жұмсаған ауылдағы ата-ана үшін тағы бір күрделі кезең басталды. Жатақханада орын жоқ, баспананың бағасы ұдай... Жатақханадан орын тимей қалған студенттердің мәселесі қалай шешілетінін әзірге ешкім тап басып айта алмайды...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Оффлайн оқудың алғашқы күні

Еліміздегі 7 мыңнан астам мектепте 3,6 миллионға жуық оқушы оқу жылын бастады. Оның 394 мыңға жуығы – 1-сынып оқушылары. Білім алушылар сыныптастарымен қауышып, партаға отырғанына дән риза. Мұғалімдер де шәкірттерімен көзбе-көз жүздесіп, сабақ түсіндіруді сағынған екен. Алайда санитарлық жағдайды қадағалап, әрбір оқушының жүріс-тұрысын бақылау оңай емес.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ



Раимар Фазылитова (фото)

МЕКТЕП МӘСЕЛЕСІ ШЕШІМІН ТАППАЙ ТҮР

1 қыркүйек күні министр Асхат Аймағамбетов №2 Қосшы орта мектебіне барып, бүлдіршіндерге «Әліппе» оқулығын табыстап қайтты. Құр бармай, жағдайды барлап қайтты деп ойлаймыз. Өйткені аталған қалашықта 1 «Ы» сыныбы бар. Байқағаныңыздай, бала саны көп. Кей сыныпта 40 шәкірт оқушы бар деседі. «Лесная поляна» тұрғын үй алабындағы мектептің жайы осы. Себебі мұнда халық саны көп, тіркеуге тұрған, тұрмағанын қосқанда, Қосшы қаласында 60-70 мыңға жуық тұрғын бар. Сол үшін мектеп мәселесі күрмеуі қиын түйткілдердің бірі болып тұр. Бұл ойды неге қозғап отырмыз? Бір сыныпта 30-40-қа жуық бала оқыса, карантин қайда қалды? Оның үстіне, бастауыш сынып оқушыларының бір мезетте, 20 минут қонырауда асханға баратынын ескерсек, арақашықтықты сақтау жайында ойланып қалсаңыз. Дегенмен олардың санитарлық талаптарын, оффлайн білім алатыны көңілге медеу.

Қосшы дейміз-ау, елорданың №83, №72 мектептерінде де 1

«Ш», 1 «Ы» сыныбы бар екен. Демек, әкімнің сөзінде тұрып, биыл салып бітіремін деген мектеп құрылысын аяқтауы қажет. Бір аймақта халық санына байланысты сыныптар толып қалса, ендігісінде барлық оқушының саны мыңға да жетпейді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан мектептерінде оқушы саны көп емес.

«Жоғары сынып оқушылары не істеу керектігін біледі. Бірақ бастауыш сыныпқа қиын. Осы бір ай ішінде адаптация жүреді деп ойлаймын. Әрбіріннің қолын антисептикпен сүртуін, бетпердесін шешіп тастауына, арақашықтық сақтауына қадағалап жүріміз. Мектепке кіру тәртібі де өзгерді. Соған да ата-ана мен оқушының еті үйренуі керек. Бәрібір қоныра кезінде сынып болып араласып, шұрқырасып кетеді. Барынша тәртіп сақтауға шақырғанымызбен, баланың аты бала ғой», —

дейді бастауыш сынып мұғалімі Айнаш Қарашева.

Жоғарыдағы ойды жалғастырсақ, Сарыағаш ауданындағы жағдайды айтпай кетуге болмас. Негізі, Нұрлы жол ауылында №50 Б.Омаров атындағы жалпы орта мектебі 135 балаға лайықталған. Қазір онда 650 бала білім алып жатыр. Өткен жылы «Әкім» бағдарламасынан шұрық тесік такта мен апаттық жағдайдағы мектеп көрінісін көрген едік. Биыл да оқушылар амалсыз осы мектепке келген. Бәрінен бұрын ата-аналар шыр-пыр. Жыл басында бюджет Түркістан облыстық Білім басқармасына қарайтын естіген олар үміт күткен. Алайда «баяғы жартақ сол жартақ» күйінде қалған. Өйткені аудандық білім бөліміндегілер жоғарыға мектепті екі ауысымды білім береді деп ақпарат берген. «Сарыағаш-Әділет» қоғамдық бірлестігінің айтуынша, қазір белсенділер мектептің үш

ауысымда оқытып жатқанын дәлелдеп әлек. Егер құжат облыстық Құрылыс басқармасының назарына іліксе, келесі жылы жана мектеп бой көтеруі мүмкін. Ал белсенділер нәтиже шығара алмаса оқушылар тар сыныпта білім алуын жалғастыра береді. Аталған мектептің Б. есімді бастауыш сынып мұғалімінің айтуынша, ұстаздар жайғасып отырып жазу жазатын бөлме жоқ. Сондықтан олар қысы-жазы дәлдеп жүруге мәжбүр. Сондай-ақ ол қазір оқушылардың үш ауысымда білім алып жатқанын растады. «Біздің жанайқайымызды еститін билік бар ма?» — деп налыды мұғалім.

Бір қызығы, осындай мектепте білім алса да, оқушылар спорт, өнер, білім жағынан дес бермейтін көрінеді. Мұны біз №50 мектепке іссапармен ат басын бұрған ұстаздан білдік. Ол егер заман талабына сай мектеп салынса, бұл жерден

небір «сен тұр, мен атайын» дейтін өрендердің шығатынына сенімді. Аталған білім ошағын 2019 жылы бітірген Арайлым Керімбаева да ауыл балалары қуанар күн келерін күтіп жүргенін жасырмады. «Бізге дарынды, білімді, талантты оқушылар жетерлік. Бірақ мектепті келіп көріп, сол жерде оқып көрініздер. Сонда бізді түсінесіздер. Ешқандай жағдай жасалмаған», — дейді ол.

Иә, бұл аймақтағы бір ғана мектептің мәселесі. Ал елімізде мұндай мектептің қанша бар десеңізші. «Ең жақсы мектеп — үйге жақын мектеп» дейтін тәміл тағы бар. Бірақ жауаптылар осы ұғымды ауылды былай қойғанда, қалада іске асыра алмай отыр. Оған қоса, үш ауысымды мектепте оқитындардан карантин режимін сақтандар деп талап ететінімізді естен шығармайық.

ДӘСТҮРЛІ ФОРМАТТЫҢ БИҚПАЛЫ

Десе де, оффлайн оқу орта және жоғары сынып оқушыларына майдай жақты. Олай дейтініміз — кейбірі онлайн формат кезінде репетитор жалдап оқуға мәжбүр болған. Себебі ұстаз бен оқушы арасындағы кері байланыс, көзбе-көз түсіндіру білім сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан олар санитарлық талапты барынша сақтап, дәстүрлі форматта білім алуды жалғастырығысы келеді. Бұлай дейтініміз, ел ішінде «балаларға арналған вакцинаның 4 мың дозасы елге келіпті. Оқушыларды сол үшін мектепке жинап жатыр екен. Ауруды өршітіп, осындай қолмен вакциналауды жоспарлап отыр» дейтін қанқу сөз таралып кетті. Сол үшін оқушылар мен студенттердің арасында «1-2 ай оқып, қайта онлайн форматқа көшеміз ғой» деп арқаны кеңге салып жүргендер бар.

Әрине, ұстаздар да жағдайды

жақсы түсінеді. Барынша сақтанып, білім сапасын түсіріп алмауды да ойлайды. Естеріңізде болса, былтыр білім сапасының түсіп кеткенін министрлік өкілдері де растаған еді. Сондықтан мұғалімдер ата-аналарды сабырға шақырып әлек. «Былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледі» кері болса да, білім алу бірінші кезекте тұруы керек. Мәселен, педагог Карлыға Тілеуқызын «егер пандемия 2024 жылға дейін жалғасатын болса, онлайн оқуды жалғастыра берсек, оқушылар сауатсыз болып шығады. Болашақ — білімде» дегенін жаны бар. Алайда әлеуметтік желіде бас көтеріп, Денсаулық пен Білім министрлігіне үндеу жолдап жүрген ата-аналар аз емес. Рас, олар да баласының денсаулығына алаңдап, уайымдайды.

Мысалы, Ақтөбе қаласының тұрғыны Нұрлыбай Қошанұлы Білім министрлігі мен барлық жергілікті оқу бөлімі басшыларына хат жолдаған. Үндеуін Facebook желісінде жариялаған. 13 облыстың «қызыл аймақта» тұрғанын, індеттің таралуы жылдам болып, әсерінен мектептің вирус ошағына айналып шыға келетінін жазған. Оффлайн оқытуға асықпау керектігін, куз айларының тұмау мен вирус жұқтыруға бейім екенін де қосқан. Қысқаса, министрден балаларды қайтадан онлайн оқуға көшіруді сұраған. Бұл жазбаны қолдап бөліскендер де, қарсы пікір айтқандар да жетерлік. Кей ата-ана сыныптағы бір оқушы вирус жұқтырса, қалған 25-і карантинде болатынын да нұсқаған. Біразы «10-15 күн дәстүрлі оқытудың аяқ алысын бақылайық» деумен шектелген. Расыммен, аталған уақыт ішінде вирус жұқтыру көрсеткіші де белгілі болар. Бас санитар дәрігер айтқандай, мектептің 20%-ы індетке іліксе, онлайн оқуға көшетіні тағы бар.

Көмір бағасы өсе ме?

Әлем елдері көмірден біртіндеп бас тартып жатыр. Жаһандық жылынуға қатысты өткен саммитте бұл мәселе кеңінен талқыланды. Алайда Азия мен Еуропаның дамыған елдері, мұхиттың арғы бетіндегі алпауыт мемлекеттер әлі күнге көмір жағайды. Соған қарамастан биыл елдегі көмір тұтыну көлемі төмендеген. Әйтсе де, «қара отынды» тұтынушылар үшін бағаның арзандауы туралы жағымды жаңалық айтуға ерте. Көмір бағасы қалай құбылады? «Қара отынның» сапасы туралы тұтынушылар не айтады? Әлеуметтік осал топтарға мемлекет тарапынан қандай көмек беріледі?

Жадыра МҮСІЛІМ

тоннаға дейін төмендейтіні туралы болжам жасады. Тұтыну көлемінің күрт төмендеуі халықтық бағанды газдандыру есебінен болып отыр. Газдандырудың арқасында биыл көмірді тұтыну 4,8 миллион тоннаға дейін азаяды.

Биыл бірінші жартыжылдықта коммунальды-тұрмыстық қажеттіліктерге және өнімдердің тұрғындарына 3,4 миллион тонна көмір тиелді. Энергия өндіруші кәсіпорындарға 31,3, өнеркәсіптік кәсіпорындардың қажеттілігіне 2,9 миллион тонна жөнелтілді. Ал 14,5 миллион тонна экспортқа кетті. Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматыдан басқа барлық өңірлер 2021-2022 жылғы жылу беру кезеңінде көмір өніміне деген қажеттіліктерін көрсетіп, жана маусымға дайындықты бастап та кеткен. Индустрия және жана технологиялар министрлігінде облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктерімен кеңейтілген кеңес өтіп, онда өңірлік билік органдарына халыққа көмірдің бағасы мен маркаларын, сату нүктелері мен олардағы көмірдің бар-жоғын түсіндіру үшін арнайы жедел желі құру, сондай-ақ тұрақты негізде халыққа көмірдің жеткізілімі мен сапасына мониторинг жүргізу ұсынылды. Сонымен бірге көмір бағасының заңсыз өсуіне жол бермеу үшін монополияға қарсы ведомствоның аумақтық бөлімшелері жұмыс істеуде.

«ҚАРА ОТЫН» БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Қазақстандық көмір өндіруші компаниялар жыл басынан бері барлығы 60 миллионға жуық тонна (көмір концентратын есепке алмағанда) көмір өндірі. «Қара отынды» жеткізудің 89%-ын негізгі төрт көмір өндіруші компания құрайды. Оның ішінде, «Шұбаркөл Көмір» АҚ — 28%, «Қаражыра» АҚ — 25%, «Майкубен-Вест» ЖШС — 25%, «Боғатыр Көмір» ЖШС-нің үлесі — 11%. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі тұтыну төмендегенімен, көмір тұтынушылар үшін отын бағасы өткен жылға қарағанда қымбатқа түсетінін айтады. Өйткені көмір өнімдерін шығаратын кәсіпорындардың шығыны есепке алынған.



«Қара отын» өндірушілер электр энергиясы, жарылғыш заттар және жанар-жағармай материалдары — 24%-ға дейін, ал шахталық жабдыққа қосалқы бөлшектерге 1,6 есе тариф көтерілгенін айтқан. Сондай-ақ кәсіпорындардағы жұмысшылардың жалақысы да орташа алғанда 8-18%-ға өсті. «Көмір саласын мемлекет субсидияламайды. Сондықтан өндірістік шығындардың өсуі тұтынушылар үшін көмірдің құнына тікелей әсер етеді. Сарапшылардың бағалауынша, маркасына байланысты көмірдің тоннасы 9,9%-дан 24%-ға дейін өсуі мүмкін», — дейді Индустрия және жана технологиялар министрлігі.

ТАСЫМАЛДАУ ҚҰНЫ ҚЫМБАТ

Көмір сатумен айналысатын Дастан «қара отынға» тапсырыс берушілердің саны күн суытқанда көбейеді деп отыр. Жаз айларында да көмір сатып алатындардың қарасы көп. Күн жылы кезде тапсырыс беретіндер, көбіне монша жағу үшін алады. «Шұбаркөлдің көмірін жана сатамын. Басында көмірдің бір тоннасы 8 200 теңге болады. Біз тапсырыс беріп, КамАЗ арқылы алдырамыз. Тасымалдаушылар бағаға бірге бір қосып әкеледі. Сөйтп, бізге келемін дегенше 16 000 теңге болады. Оның үстіне, 1 000-1 500 теңге қосып сатамыз. Қазір

көмірдің ішінде қымбаты да, сапасы да жақсысы — Шұбаркөл», — дейді Дастан. Оның айтуынша, сапасына байланысты айтылатын өңгімелер де көп. Бірақ алыпсатарлардың ішінде әртүрлісі бар екенін ескеру керек. «Таза Шұбаркөлдің көмірінің сапасы жақсы. Сосын қыс пен жазда алған көмірлердің арасында айырмашылық көп. Мысалы, жазда алып қойған көмір ашық жерде тұрса, өз құрамын жоғалтады. Былтыр қыстан қалған бір тоннадай көмір болатын. Көктемде барлығы ірі-ірі болатын. Қазір езіліп, түртіп қалсаң шашылып жатыр. Көмірдің ірілері жақсы жанады. Ал бағасына келсек, өзінге бағасы қымбаттап жатқан жоқ. Былтыр да тоннасын 15 000 теңгеден алып, 16 000 теңге, 16 500 теңгеге саттық», — дейді көмір жеткізумен айналысатын Дастан.

ТОННА КӨМІР ТҮККЕ ЖАРАМАДЫ

Жақында жана қала мәртебесін алған Қосшы қаласының тұрғыны Ескендір Зұлқарнай көмір өндіруде әлемде алдыңғы қатарлы елдердің бірі болсақ та, «қара отын» бағасы тұтынушылар үшін қолжетімсіз екенін жеткізді. «Қосшыда көмірдің тоннасы 17 000 теңгеден сатылады. Табысы орташа отбасылар үшін бұл да үлкен салмақ. Өйткені бір қыста 10-11 тонна

көмір жағамыз. Солтүстік өңірде от жағу қыркүйектің 10-15-терінде басталады, содан мамырға дейін созылады. Сонда айына 1 тоннадан астам көмірге ақша шығындауға тура келеді. Бірақ сапасына қатысты сын айта алмаймын. Көбіне Шұбаркөлдің көмірін сатып аламын. Қызуы жақсы. Бірақ таныстарымның арасында Шұбаркөлдің орнына басқа көмірді сатып алып, сан соғып қалғандар болды. Соған қарай сапасы да жақсы болмаған», — дейді ол.

Елорда іргесіндегі Ильинка ауылында тұратын Айгүл жылда қыркүйектің соңында көмір сатып алса, биыл қыстың қамына ерте кірісіпті. «Биыл 5 тонна Қаражыра көмірінің тоннасын 13 500 теңгеге алдық. Барлығы 67 500 теңгеге шықты. Қосымша КамАЗ-ға 10 мың теңге бердік. Оның өзінде көрші ретінде жасаған жеңілдігі сол болды. Әйтпесе, 15 мың сұрайды. Жақсысын, ірірегін салдыру үшін қосымша 1 000 теңге бересің. КамАЗ-ға тиенде қасында тұрмасан, тағы болмайды. Бұрын Шұбаркөлдің тоннасын 11 500 теңгеге алдық. Қызуы қатты болғанмен, шоғы тез сөніп қалады. Оның үстіне, пешті жарып жібереді. Түнде көмір салып жатасын, таңға дейін үйдің іші суып кететін. Бірақ күлі өте аз шығады. Ал Қаражыраның шоғы таңға дейін тұрады. Үй суып кетпейді. Бірақ күлі көп шығады. Бір шелек көмір салсаң, бір шелек күл шығарасын. Былтыр 3 тоннасын алып едік. Жетпей күлді, көктемге қарай тағы 2 тонна түсірдік. Бірақ көмірлердің барлығы көктемге қарай ұнтақталып кетеді», — дейді Айгүл. Осыдан 10 жыл бұрын да алыпсатарлардан алған бірнеше тонна Қаражыра көмірін қыста жаға алмай, қақаған аязда екі есе бағаға Шұбаркөл алған ол «кейбір сатушылар салмағын азайтып, тұтынушыларды алдап кетеді» деп отыр.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Елордада жылда 15 қазаннан бастап мұқтаж жандарға қатты отынды сатып алу үшін әлеуметтік көмек беріледі. «Сарыарқа» аудандық әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау бөлімінің басшысы Салтанат Станбаева әлеуметтік көмек ересек мүгедектерге, мүгедек балаларға, көпбалалы аналарға және көпбалалы отбасыларға берілетінін жеткізді. Жергілікті (пеші

бар) жылытатын жеке тұрғын үйлерде тұратын, оның меншік иелері болып табылатын, оларда және отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үй болмаған және жан жақшы шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтындарға тағайындалады екен. Яғни, күнкөріс деңгейі — 163 740 теңге. Ал жер үйлердегі пәтер жалаушылар үшін, көпбалалы отбасы болса да көмек берілмейді. Себебі ол пәтер жалаушының атына тіркелмеген. «Тізімдегі кісілерге әлеуметтік көмек 15 қазан-15 сәуір аралығында 46 672 теңге беріледі. Қатты отынды сатып алуға көрсетілетін әлеуметтік көмекке құқығы бар бірнеше адам бір тұрғын үйде тұрған жағдайда, өтемақы тек қана біреуіне беріледі. Өтінім беру 15 қазаннан 30 сәуірге дейін жалғасалы. Қазір карантин шараларын сақтау мақсатында әлеуметтік көмек алуға өтініш беруші «электронды үкіметтің» веб-порталы арқылы тіркеледі. Ол үшін отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі, табысы туралы мәлімет, зейнеткерлер үшін — зейнеткерлік куәлігінің мүгедектер үшін — мүгедектігі жөніндегі анықтамасы, көпбалалы отбасылар үшін — көпбалалы отбасы куәлігінің көшірмесі керек. Сосын Әділет министрлігінің аумақтық органы берген жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығының болмауы, не болмаса болуы туралы анықтама, банктік шоты, отбасы жөніндегі мәлімет қажет болады. Құжаттардың түпнұсқалары да бірге ұсынылады. Көшірмелерін салыстырған сон түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады. Биыл қала бойынша 192 отбасына 9,6 млн теңге қатты отынды сатып алуға әлеуметтік көмек көрсетілді», — дейді Салтанат Дүйсенқызы.

Алайда мемлекет берген мүмкіншілікті алуы тиіс адамдардың елдеттегідей қордағы малы, үйіндегі телевизору да есепке алынып, жалақысындағы салық пен зейнетақы жарналары да қоса есептеліп, ақыр соңында әлеуметтік көмектен құралақан қалады. Оның үстіне, отбасындағы мүгедектігі барлар мен көпбалалы ана болса да, пәтер иесі өзі болмағандықтан, әлеуметтік көмекке алақан жая алмайды. Шамасы әлеуметтік көмектің тізімін жасағандар көмекке мұқтаж адамдардың барлығында баспа-на бар деп санаған шығар, кім білсін!?

ХАЛЫҚ САНАҒЫ БАСТАЛДЫ

«Қазақстанда әркім маңызды!» деген ұранмен көптен сөз етілген халық санағы басталып та кетті. Мамандардың айтуынша, бұл қазіргі форматтағы соңғы санақ болғалы тұр: көз ілеспес жылдамдықпен жаңғырып жатқан заманда тағы он жылдан кейін үй-үйді аралап, жалпыұлттық сауалнама жүргізу өзектілігін жоюы тиіс. Тәуелсіздік тарихындағы осы үшінші санақтың өзі 2009 жылғыға қарағанда технологиялық тұрғыдан ерекшеленіп отыр.

Айхан ШӘРІП

БҰЛ ЖОЛҒЫ САНАҚ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕ

Халық санағын өткізу 2020 жылғы 1-30 қазан аралығына жоспарланған-тын. Алайда күтпеген жерден жаһандық COVID-19 пандемиясы жайлады. Карантин шектеулеріне байланысты осынау тарихи маңызды шара 2021 жылғы 1 қыркүйек-30 қазан аралығына ауыстырылды.

Азат Қазақстанда 1999 және 2009 жылдары жүргізілген санақтардан бірінші айырмашылығы сол, бұл жолғы іс-шара екі кезеңнен жүреді: I кезеңде — 2021 жылғы 1 қыркүйектен 15 қазанға дейін Қазақстан азаматтары мен республиканы мекен еткен шетелдіктерге Sanaq.gov.kz сайты арқылы өзіне және отбасы мүшелеріне санақ парақтарын онлайн толтыруға мүмкіндік беріледі. Сайт тәулігіне 24 сағат бойы қолжетімді. Мұның сыртында респонденттердің ХҚКО-ларда, әкімдіктерде, пошта бөлімшелерінде, мектептерде, басқасында арнайы ұйымдастырылған нұсқаушылық учаскелерде санақтан өтуіне мүмкіндігі бар.

Ал II кезеңде осы мүмкіндікті пайдаланбағандарды қамту үшін I қазан мен 30 қазан аралығында санақшылар олардың үйлеріне барады.

Екінші айырмашылығы — барлық интервьюер бұрынғыдай сөмке толы бума-бума қағазды арқаламайды. Әрбір отбасы мүшелерінің дерегі мен жауаптары планшетке түсіріледі.

Үшіншіден, бұл жолы сұрау парақтары жана сауалдармен толықты. Мысалы, тілге қатысты сұрақтар аясы кеңейді: бұрынғыдай неше тіл білетінін анықтаумен шектелмейді: «Сіз мемлекеттік тілді меңгергенсіз бе?», егер «Иә!» десе: «Сіз оны күнделікті өмірде қолданасыз ба?» деп нақтылайды. Сондай-ақ азаматтардың қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейлері («ауызша түсінімін», «еркін оқимын», «еркін сөйлеймін», «еркін жазамын», «менгермегенмін»), қазақша білмейтін қазақстандықтардың мемлекеттік тілді үйрену жоспары анықталды.

Бүкілқазақстандық сауалнама барысында азаматтардың шетелге көшіп кетуге ниеті белгілі болмақ. Жаңа сұрақтар қатарында «Сіз COVID-19 инфекциясымен ауырдыңыз ба?», «Сіз коронавируспен инфекциясына қарсы вакцина алдыңыз ба?», «Сіздің табысыңыздың деңгейі COVID-19 пандемиясына байланысты қалай өзгерді?» және басқасы бар. Тұтастай алғанда, биыл Қазақстан тұрғындарына барлығы 91 (оның 69-ы — негізгі және 22-сі — нақтылаушы) сұрақ қойылады. Санақ парақтарында халықтың саны, жынысы, құрамы, білімі, көші-қоны, неке жағдайы, бала тууы, жұмыспен қамтылуы, күнкөрісінің негізгі қаражат көзі, тұрмыс-тіршіліктің шектеулеріне қатысты сұрақтар болады.

«Дәстүрлі көрсеткіштермен қатар 2021 жылғы санақ парақтарына жаңа сұрақтар енгізілді: атап айтқанда респонденттің орналасқан жері, тіршілік ерекетінің шектелуі (көру, есту, жүру, есте сақтау, назарды шоғырландыру қиындығы), Қазақстан аумағында уақытша тұратын адамның бізге қайдан және не мақсатпен келгені нақтыланады. Қосымша сұрақтарды қосу арқылы кейбірі толықтырылды: көші-қон саласында — Қазақстаннан тыс жерге шығуды жоспарлау, оның негізгі себептері мен мерзімдері, неке жағдайы саласында — некеге тұру жоспары, жұмыспен қамтылу саласында — уақытша жұмыспен қамтылмау себептері, тілдерді меңгеру дәрежелері, діні, бір айдағы шамамен табысы туралы сауалдар болады», — деп хабарлады Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов.

НАУҚАНҒА ҚАНША ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛАДЫ?

Статорганның баспасөз хатшысы Әсем Алданғарқызы бұл жолғы санақ өз елімізде де, өзге елдермен салыстырғанда да ең арзаны болады деді.

— 2021 жылғы халық санағында 1 адамға жұмсалатын шығын 1,1 долларды құрағалы тұр. 2009 жылғы санақта 2,9 доллар болған. Биылғы санақ 2009 жылғыдан 2,6 есе арзан. Шығындар цифрлық технологияларды енгізу,

деректерді жинау процесін автоматтандыру арқасында төмендеді. Посткөрсеткіштері елдерге қарағанда Қазақстанда бір адамға шаққандағы халық санағының құны әлдеқайда төмен: Кыргыз Республикасында бұл көрсеткіш — 1,2, Әзербайжанда — 1,44, Ресейде 3,6 долларды құрады, — деді Ә.Алданғарқызы.

Оның мәліметінше, биылғы санақты өткізуге 2018 жылдан бастап, 2023 жылға дейінгі 5 жылдық кезеңде бюджеттен 9,1 миллиард теңге қаржы жұмсалмақ.

Тараға айтсақ, 27 412 планшет сатып алуға — 1 млрд 85,6 млн теңге, штаттан тыс қызметкерлерге еңбекақы төлеуге, санақ персоналының қызметіне жалақы төлеуге 4,7 миллиард теңге бағытталыпты. Бағдарламалық қамтылымды әзірлеуге, серверлік, коммуникациялық жабдықтар алуға — 932,6 млн теңге, 139 автокөлікке — 475,4 млн теңге, компьютерлер мен ұйымдық техника алуға — 213,3 млн теңге, жиһаз және кеңсе тауарларына — 100,6 млн теңге, халық санағының логотипі бар 30 255 шарф пен портфель сатып алуға — 56,8 млн

Осы планшеттер санақ аяқталған соң да қолданыста болатын көрінеді, олардың басым бөлігі мектептерге беріледі. Тағы бір бөлігі ай сайынғы, тоқсандық, жылдық салалық бақылаулар мен зерттеулер жүргізу үшін статбюрода қалады.

теңге, санақ құралдарын тираждауға — 35 млн теңге, ісапар шығыстарына — 20 млн, жарнама роликтеріне 7 млн теңге арна тартады.

Осының алдында хабарланғандай, «жалпыұлттық сауалнама» жана форматта өткізу үшін мемлекет әр данасын 39,6 мың теңгеден, жалпы сомасы 1,085 миллиард теңгеге 27 412 планшет сатып алған. Бұл өнімдер — Қытайда шығарылған, KOUZONE MTK6592 планшеттері. Сондай-ақ оған қосымша гарнитуралар — планшет қаламдары, қорғаныш тысқабы, қорғаныш шынысы, power bank алынды.



«Планшет қызметкерлердің еңбегін жеңілдетуге, жинақтылығын арттыруға және қағаз бен кенсе құралдарына жұмсалатын шығынды үнемдеуге мүмкіндік бермек. Бұған қоса, санақ деректерінің сапасы мен нақтылығы артады, адам факторының ықпалы барынша азаяды. Интервьюер планшетте орнатылған барлық арифметикалық және логикалық бақылау түрлерін, классификатор мен анықтамалықтарды пайдалана алады. Алынған мәліметтер

қарсаңында әлеуметтік желіде санақшы атын жамылып, алаяқтар мен кылмыскерлер үйлерге еніп кетуі мүмкін-ау деген алаңдаушылық білдірілді. Ұлттық статбюроның мәлімдеуінше, интервьюерлерді тану қиын емес: әрбір қызметкер міндетті түрде өз қызметтік куәлігін көрсетуі тиіс. Ол құжатта фотосуреті, аты-жөні, куәліктің берілген уақыты мен жарамдылық мерзімі, сондай-ақ аумақтық статистика бөлімшесінің қолы мен мөрі болады. Барлық интервьюердің көк түсті, халық санағының белгісі бар мойынорағашы мен портфелі бар.

Ведомство басшысы Нұрболат Айдапкеловтің айтуынша, интервьюерлер «вакцинациялаумен барынша қамтылған», олар бетпердемен, антисептиктермен жабдықталған. Санаққа қатысты сұрағы бар азаматтар смартфоннан — 8 800 800 878, ал жай телефоннан — 1446 нөмірі арқылы Call орталыққа тегін хабарласуына болады.

Сондай-ақ кейбір сарапшы әрбір азаматтың дербес деректері толық цифрландырылған, дүниеге келген, өмірден өткен, шетелден келіп-кеткен әрбір адамның нақты статистикасы жүргізілетін қазіргі заманда үй-үйді аралайтын ескі форматтағы санақтың қажеттілігіне күмән білдірді. Бірақ статорганның түсіндіруінше, санақ кезінде билік тек халықтың санын анықтамайды, мемлекет пен ұлт үшін маңызды әртүрлі сауалға әрбір қазақстандықтың пікір-ұстанымын біледі.

— Бұл санақтың құндылығы сол, ол арқылы әрбір облыс, аудан, қала және ауыл тұрғындарының, халықтың әртүрлі топтарының демографиялық, тұрмыстық, әлеуметтік-экономикалық жағдайын мейлінше нақты айқындайтын кең ауқымды ақпаратқа қол жеткізіледі. Алынған бүкіл деректі әртүрлі сала ғалымдары талдап, ал демографиялық, экономикалық болжау, жұмыспен қамту саласындағы саясатты айқындау, басқа да әлеуметтік бағдарламаларды құру, сондай-ақ ғылымды, бизнесті және бүкіл қоғамды ақпараттық қамтамасыз ету үшін пайдаланады, — деді Ұлттық статбюроның баспасөз хатшысы.

Оның айтуынша, мекенжай тіркелімі, eGov.kz деректер қоры секілді қолда бар жүйелер халық пен оның пікір-ұстанымы туралы мәлімет бермейді. Бұл санақ осы ақпараттарды толықтыруға септеседі. Статорган ұстанымынша, «келесі жолғы санақ интервьюерлерді жұмысқа тартпай-ақ тіркелім жүйелері арқылы өткізілуі мүмкін».

Науқан қорытындысында 2021 жылғы желтоқсанда халықтың жалпы саны бойынша жедел деректер ұсынылуы тиіс. 2022-2023 жылдары 10 тақырыптық жинақ (қысқаша қорытынды, халық, ұлттық құрам, көші-қон, білім беру, неке және отбасы, үй шаруашылығы, жұмыспен қамту, табыс және өмір сүру көздері және тұрғын үй сипаттамалары) әзірленеді. Өңірлік жинақтар да электронды форматта жарияланады.

«Көне Тараз»: сұлуынан жылуы...

Бүгінде Тараз қаласының ажарын ашу бағытында аз жұмыстар жасалып жатқан жоқ. Әсіресе, туристік бағыттағы кешендер жарыса бой көтеріп, көпшіліктің көзіне айналып келеді. Алайда жаңа сәулеттік нысандардың сырты бүтін болғанымен, іші «түтін» болып тұр. Оған дәлел осыдан үш жыл бұрын ел игілігіне берілген «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешенінде бүгінде «бөдене» байласа тұрғысыз.

Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығының директоры Сауран Қалиевтің айтуынша, жаз мезгілінде білінбегенімен, қысты күні кешеннің ішінде отыру мүмкін емес екен. Сондай-ақ басшы келе жатқан қыс айларында жылу тағы болмай, қызметкерлері сырқаттанып шыға ма деп алаңдап отыр.

— Шынымды айтсам, мұндай күй кешіп жүргенімізге үшінші жыл болып отыр. Облыс орталығынан шығыстық сәулет үлгісіндегі кешеннің бой көтергені, әрине қуаныш. Алайда қазір бізге нысанның сұлуынан жылуы маңызды болып тұр.

Жан-жақтан келген туристер кешеннің кереметтілігін айтқанда



кәдімгідей маркайып қаламыз. Алайда осы туристік нысанда жылудың жоғын ойлағанда қуаныштың су сепкендей басылады.

О баста кешенге күннен қуат алатын қондырғы орнатылып, содан жылу беріледі деп күтілген. Алайда ол қондырғыдан әлі күнге жылу көрген жоқпыз. Себебі кешенді салған мердігердің есептеуімен берілген 12 радиатордың алтауы істен шығып, қыс келгенше жарамсыз болып қалды. Кейін бізге берілген батареялар ғимараттың көлеміне шақталмаған. Бір сөзбен айтқанда, бір батареяның күші бір бөлмені жылытуға жетпейді. Бұл мәселені айтқып, «бармаған жеріміз, қақпаған есігіміз» қалмады. Алайда әлі күнге шешімін таппауда. Алда қылышын сүйретіп қыс келе жатқанын ойласақ, биыл тағы «бүрсен қағып, күн кешеміз

бе?» деген қорқыныш болып отыр. Оған қоса, пандемия кезінде қызметкерлерімізге суық тиіп, ауырып қалмай ма деген үрей басым, — дейді орталық директоры.

Жалпы, мұнда Ш.Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығы, облыстық тарихи-өлкетану музейі, көркемсурет галереясы және көрме зал жұмыс істейді. Олардың барлығы облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты. Сол себепті аталған түйткілдің түйінін тарқатар тұсын білмек мақсатта облыстық басқармаға қайырылды. Мекеменің берген ақпаратына сүйенсек, бұл мәселеден облыс әкімі Бердібек Сапарбаев хабардар екен. Бердібек Машбекұлы басқарманың басшысы Ерлан Жүнісбайға нысандарды жылыту маусымына дейін

орталық жылу құбырына қосуды тапсырған көрінеді. Алайда Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының мамандары «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешені мекемеге қарасты болғанымен, ол толықтай өтпегенін алға тартып отыр. Яғни, жылу жүйесіне қатысты қосалқы қондырғыларға Тараз қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі жауапты екен.

Осылайша, кешенге жауапты деген басқарма жауаптан жалтарып, бағытты басқа жаққа сілтеткеннен кейін, амал жоқ қалалық құрылыс бөліміне хабарластық. Мұндағылар да екіұдай пікір берді. Сөздеріне сүйенсек, нысандарды жылумен қамту үшін жылу жүйесіндегі бу тамшылары қолданылып жатыр екен. Сондай-ақ күн батареяларын сатып алу, орнату және монтаждау жұмыстары да жоспарға еніпті.

Алайда нақты қай күні құрылыс жұмыстары басталып, аяқталары белгісіз. Тек облыс әкімінің жылыту маусымына дейін нысандарды жылу жүйесіне қосындар деген тапсырмасы бар.

Әрине, олқылықтың орны толып, мәселе оң шешімін тапса, құба-құп. Әйтеуір, «сен салар да мен салардың» кері келіп, қыс келгенде қызметкерлер бүрсен қағып отырмаса болғаны. Оған қоса, миллиондаған қаржыға салынған шығыстық сәулет үлгісіндегі нысанның ертен жылуы болмай, қабырғалары көгеріп, құлап жатса, елге қай бетімізді айтамыз? Сондықтан жауаптылар бар мәселені «мақұлда» емес, ақыла салып, қыс келгенше бір шешімін табады деп сенеміз.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы



Далам толды қоқысқа...

Жаз мезгілі аяқталғанымен, уақытын таза ауада, демалыс орындарында не жағажайда өткізген ел тұрғындарының шашып тастаған қоқысын тазалау әлі аяқталмады. Мысалы, Қарағанды облысында жазда мыңнан астам қоқыс орны анықталса, соның 160-сы ғана тазаланған екен...



АЙЫП КӨЛЕМІ – 145 МЫҢ ТЕНГЕ

Жақында экологтар арнайы рейд жүргізді. Қарағанды қаласындағы Федоров су қоймасына барып, бір ай бұрын волонтерлер тазалап кеткен аумақтың қайта ластанғанын байқады. Айта кеткен жөн, Федоров су қоймасы – қала тұрғындарына демалуға рұқсат берілген екі орынның бірі. Пандемияға байланысты 12 шілдеде облыстағы барлық ашық және жабық жағажайда демалуға тыйым салынған болатын. Алайда бұл тыйымға қарамайтындар көп. Олар карантин тәртібін бұзып қана қоймай, аумақта қоқысты да көбейтіп отыр. Өйткені отырған орындарын жинамайды.

«Енді бұлай онды-солды қоқыс тастағандар үшін айыппұл көлемі біршама өсті», – дейді экологтар.

– 1 шілдеден бастап жана Экология кодексі күшіне енді. Яғни, әкімшілік айыппұл көлемі жеке тұлғалар үшін 50 айлық есептік көрсеткіш көлеміне дейін өсті. Бұл шамамен – 145 мың теңге. Енді азаматтар қоқыс лақтырар алдында бірнеше рет ойланатын болады, – дейді облыстық Экология департаменті басшысының орынбасары Дархан Ісжанов.

Айып бағасының өсуіне басты себеп – облыс аумағында 1 200 қоқыс орны анықталған, оның 160-ы ғана тазаланды. Олай болса, әркім өзі демалған жерін тазалап кетсе несі айып. Тазалауға мойын жар бермесе, қалтаныңға 145 мың теңге салып шығыңыз...

СОНЫМЕН ҚАТАР...

Бірнеше жылдан бері «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы еліміздің аймақтарындағы заңсыз үйінділерді анықтау үшін ғарыштық мониторинг жүргізіп келеді. Тапсырыс беруші – Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі. Қарағанды облысында 2018 жылдан бастап жерді қашықтан зондтаудың, рұқсат етілмеген қоқыс полигондарының орналасуын ғарыштық суреттермен қамтамасыз ету туралы келісімге қол қойылды. Бұл туралы ғарыштық мониторинг нәтижесі бойынша облыста мыңнан астам стихиялық қоқыс анықталып, жойылды.

Биыл Қарағандыда рұқсат етілмеген 200-ден астам қоқыс орны анықталды. Олардың координаттары ғарыштық бақылау көмегімен орнатылды. «Биыл мониторинг Қарағандыда өтті. Қазір қалалар мен аудандардың әкімдіктері қоқыс полигондарын жоюға кірісті. Жақын уақытта Қарқаралы ауданының аумағын қашықтан зондтау жоспарланып отыр», – деп хабарлады Қарағанды облысының Экология департаменті.

4 763 ҮЙІНДІ

Мына қызықты қараңыз. Маусым-шілде айында арнайы жүргізілген рейдте еліміз бойынша 4 763 рұқсат етілмеген қоқыс үйіндісі анықталған.

Рейд 24 маусымда басталып, бес ірі өңірде: Қарағанды, Павлодар, Алматы, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында өткен.

«Рекреациялық аймақтарға Экология департаменттерінің, әкімдіктердің, жергілікті полиция қызметінің өкілдері және 30-дан астам эковолонтер шықты. Біркүндік жұмыс нәтижесінде 20 заңсыз қоқыс орны анықталды, олардың 13-і сол күні жойылды. Сонымен қатар 6 ескерту беріліп, 10 АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл салынды», – деп жазылған ведомство тараптан ақпаратта.

Министрлік бұл рейдтік іс-шаралардың бастамасы ғана деп отыр.

ОРМАН МЕН ДАЛА ӨРТІНЕ ҚОҚЫС СЕП...

Биыл далада өрт көп болды. Мұның көбі қоқысты онды-солды шашып тастау мен темекі тұқылын сөндіріспеуден басталғаны белгілі.

«Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, ол көбіне адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталған. Орман ішінде болған саяхатшылар, демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағады. Орман алаңдарына жақын жердегі егістің орнын өртейді. Күн сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып, құрғақ шөпті тұтандырады. Орманда шаруашылық жұмыстарын (жарылғыш құрал мен тамырынан жүлу, қоқысты жағу, жолдарды, электр желілерін, құбырларды салуы кезінде сақтық шараларын алмау) дұрыс жүргізу салдарынан орман өрті жедел өтеді және тез таралады. Қалың ағаш ішіндегі өрт минутына 3-4 метр жылдамдықпен таралып, 10-14 сағатта үлкен өртке айналады. Оның ішіне кіру де, өрт сөндіру техникаларын енгізу де қиын шаруа. Орман өрті сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғышарттарын қатаң сақтау қажет», – дейді орманшы Гүлнұр Көзтаева.

Қоқыс, қоқыс, қоқыс... Көктем шыққаннан қыс түскенше айтылар сөзіміздің бірі. Өйткені қыс даланы қармен жауып, жазығымызды сөнге айналдырса, жазықтырымыз қоқыспен бірге «тазалық» деген өңге ұласады. Кім кінәлі? Түсінетін уақыт әлі жетпегендей. Бүгін тағы демалысқа көл жағасына бардық, ластандық, ішкен-жегеннен қалғанды тасталдық... Осылай жалғаса бере ме, ағайын?!

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы



Бір ауданда үш мектеп ашылды

Осындайда «Шамның жарығы түбіне түспейді» деген сөз ойға оралады. Өйткені Алматының іргесіндегі Іле ауданында мектептердің жетіспеуі, ескі білім ошақтарының бар екені – соның айғағы.

Өндірісі де өркендеген, облыс бюджетіне қосатын үлесі де қолмақт ауданның білім саласында 1 қыркүйек күні аса маңызды жаңалық тіркеліп, үш бірдей жаңа мектептің құрылысы толықтай аяқталып, оқушыларға есігін айқырап ашты. Жаңадан бой көтерген білім ошақтарында алғашқы оқушылар соғылып, 1-сыныпқа барған бүлдіршіндер сәулеті келіскен мектептердің табылды-рығын қуана-қуана аттады. Ата-аналар мен балалардың қуанышы облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұмановтың бөлісті.

Алға жылжыған жылдармен бірге аумағы үлкейіп, тұрғындарының саны артып келе жатқан Қараой ауылында бұған дейін бір ғана мектеп жұмыс істеп келген еді. Соның кесірінен 2 000 бала амалсыздан үш ауысымдық

жүйеде оқитын. Енді, міне жаңадан ашылған білім шаңырағы бұл мәселені түбегейлі шешіп, ата-аналар мен оқушылардың қуанышын еселеді.

Мектеп құрылысы 2019 жылы басталып, оған бюджеттен 2,8 миллиард теңге бөлінді. Мердігер Construction Company ЖШС мойнына алған жұмыстарды жоспарға сәйкес сапалы жүргізіп, белгіленген мерзімде аяқтапты. Білім ошағының ашылу салтанатында сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Батыржан Байжұмановтың айтуынша, білім күні облыста 438 мың оқушы алтын ұя – мектебімен қайта қауышыпты. Соның ішінде 47 мың бүлдіршін 1-сыныпқа қабылданды. Батыржан Құлаймергенұлы мектеп табылдырығын алғаш рет аттаған қаройлық ба-

лаларға өз қолымен «Әліппе» оқулығын табыс етті.

Жиналғандар 900 орындық жаңа білім шаңырағының лентасын киіп, ішке енді, аралап көрді. Сынып бөлмелері талапқа сай. Жиыңжай, спортзалы, мұғалімдер бөлмесі және тағы басқа кабинеттер барлық керекжарақпен жабдықталған. Асхана, шеберхана, кітапхана да көрген жанды сүйсіндіреді. Оқушылардың алаңсыз білім алуына жағдай толығымен жасалған. Жаңа мектепке биыл 750 оқушы қабылдана, олардың ішіндегі 88 бүлдіршін 1-сыныпқа барады. Оқушылардың сапалы білім алуына осындағы 80 мұғалім қалтқысыз қызмет етеді. Ең бастысы, балалар үш ауысымдық оқудан біржолата құтылды.

Дәл осындай қуанышқа Косөзен ауылы мен Боралдай кенті тұрғындары да кенелді. Косөзенде 600 орындық, Боралдай кентінде 300 орындық мектеп салынып, пайдалануға берілді.

Сондай-ақ Талдықорғанның жанындағы Ескелді ауданының Абай ауылында шағын орталығы бар 180 орындық мектеп бірінші рет шәкірттерді қабылдады. Жаңа нысан екі қабаттан, тоғыз бөліктен тұрады. Қазынаның 1 миллиардтан аса қаржысына салынған. Бұл мектептің лентасын облыстық Білім беру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жанұлы Сұлейменова мен Ескелді ауданының әкімі Рұстам Әлі қылды.

Осыған дейін жазғанымыздай, Алматы облысында биыл 33 мектеп салынуда. Олардың 9-ы және 1 қосымша ғимарат жыл соңына дейін қолданысқа беріледі. Оның бірі – Конституция күні ашылса, тағы бесеуінде 1 қыркүйек күні тұңғыш рет алғашқы оқушы қабылданды.

Болат АБАҒАН,
Алматы облысы



ОНЛАЙН САУДАДАҒЫ ЕСІРТКІ

Соңғы 7-8 жыл ішінде «синтетикалық есірткі» деген қызыл көз пәле пайда болды. Ол, әсіресе оңы мен солын танып үлгермеген жасөспірімдерге айтарлықтай қауіп төндіріп тұр. Негізінен онлайн жолмен сатылатын оны тарату қаншалықты оңай болса, полиция қызметкерлері үшін мұндай қылмыстардың бетін ашу соншалықты қиындай түсуде.



Нашақорлар есірткінің синтетикалық және табиғи түрі болатынын, екеуінің айырмашылығын жақсы біледі. Мысалы, табиғи және синтетикалық гашишті тек нашақор айыра алады. Олар әрдайым неғұрлым арзанына ұмтылатындықтан, өндірушілер өнімнің бағасын төмендетуге тырысып бағуда. Нәтижесінде, табиғи түрлері синтетикалыққа алмастырылып, спайс, тұз, снюс, түтінсіз темекі сияқты бұған дейін болмаған есірткі қаптап кетті.

Сарапшылардың дерегіне, әлемде айналдырған бір аптаның ішінде есті алар синтетикалық есірткінің 10 шақты жаңа түрі

шығарылады. Олардың құрамы мен формуласы кез келген жерде еркін саудалау мақсатында ұдайы өзгеріп отырады. Сол үшін қара базардағы қой терісін жамылған қасқырлар ваннаға арналған тұз, дәмдеуіш немесе тыңайтқыш сатып жүргенсиді. Жауапкершіліктен жалтары мақсатында олар өз өнімдерінің құрамына неше түрлі жаңа қоспаларды қосады. Олардың адам ағзасына қалай әсер ететініне тәжірибе жүргізіп жатқан ешкім жоқ.

Нарколог дәрігерлердің айтуынша, бұл есірткінің денсаулыққа зияны бұрынғыдан да орасан. Табиғи есірткі адам ағзасынан біртіндеп шығарылса,

синтетикалық түрлері адам денесінде жиналып, түрлі ауру тудырып, ағзаны улайды.

«Мұндай психикалық белсенді заттар ең әуелі адамның жүйке жүйесін бұзып, психологиялық жағынан да, физикалық тұрғыдан да тәуелділік тудырады. Тіпті, 1-2 рет дәмін татып көргеннен кейін-ақ адам оны іздеп тұруы ғажап емес. Себебі пенде болған соң тым құрығанда бір рет жаны рақатқа батқандай күй кешкеннен кейін, одан бас тартқысы келмейді. Ал ішкі құрылысы мен жүйке жүйесіне бір қолданғаннан-ақ санаулы секунд ішінде зиян келетінін сол сәтте ешкім де ойламайды. Оның

зардабы ұзақ уақыт бойы сақталатынын нарколог дәрігерлер арнайы құрал-жабдықтың көмегімен анықтай алады. Нашақордың ойлау және есте сақтау қабілеті төмендейді, иммунитеті нашарлап, жүрек-қан тамырлары ауруларына ұшырайды. Синтетикалық есірткіге мән бермеуге есте болмайды, өйткені ол да героин сияқты мыңдаған өмірді жалмауда, тіпті кәдімгі есірткіден 10 есе зиянды», – дейді Солтүстік Қазақстан облысы бойынша психикалық денсаулық орталығының бас дәрігері, жоғары санатты дәрігер Дәуренбек Бейсембаев.

Оның пікірінше, бұл кесел – ұлттың гендік қорына төніп тұрған қауіп.

Мамандардың айтуынша, ең зияндысы – «крокодил» деп аталатын дезоморфин. Оны бірнеше ай бойы қолданған адам тірі өлікке айналғанын байқамай да қалады екен. Бастапқыда өзіне деген сенім, күш-қуат пен тамаша көңіл күй сыйлап, рақатқа бөлеген есірткі бірер уақыт өткен соң әлін құртып, ұйқышылық пен ашуланшақтыққа әкеліп соқтырады. Адамның бойында түсініксіз үрей мен қорқыныш пайда болуы мүмкін. Нашақор қоғам үшін де қауіпті екені сөзсіз. Бүгінде психикалық денсаулық орталығында 573 нашақор есепте тұр.

ДУЙІМ ЖҰРТ ДЕН ҚОЮЫ КЕРЕК

Бұл тажалдың тырнағына ең алдымен жастар ілігіп жатқаны өкінішті-ақ. Олар тамыр арқылы қабылдамай, темекі ретінде бір түтіндеткеннен не демалғаннан келіп-кетер тұк те жоқ деп қатты қателеседі. Кейін бұл дерттің шенгелінен құтыла алмаған кезде, өкінішке қарай кеш болуы мүмкін.

Сорақысы сол, полиция қызметкерлері синтетикалық есірткі саудасымен күресу қиындап бара жатқанын айтып дабыл қағуда. Бұл сауда негізінен онлайн жол арқылы жасалады. Жаңалыққа жаны құмар жастар интернеттің иірінде балықша сүнгіді. Интернет дүкеннен тауар тандап, қолма-қол ақшасыз есеп айырысып, сатушымен көзбе-көз кездеспейді. Сондықтан тәртіп сақшылары мұндай интернет парақшаларын үнемі бақылауда ұстап, бұғаттайды.

Солтүстік Қазақстан облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, биылғы жылдың басынан бері синтетикалық есірткінің жарнамалайтын және сататын 71 интернет-ресурс анықталып, оның 10-ы бұғатталды. 117 есірткі граффити боялды. Жыл басынан бастап осы күнге дейін синтетикалық есірткі айналымының 68 дерегі тіркеліп, 4 келден астам түз, спайс, мефедрон алынды. Екі ұйымдасқан қылмыстық топ құрылғанды.

Дегенмен полицейлер есірткімен күреске тәртіп сақшылары ғана емес, дүйім жұрт болып ден қою керек деп санайды.

«Синтетика» сатушылар интернет амал-тәсілдерді жетік менгеріп, әбден өккі болып алған.

Әлем-жәлем жарнамаға баса мән береді. Олардың құрығына негізінен жеткіншектер түсетіндіктен, ең алдымен солардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Қылмысты әшкерелегеннен гөрі, оның алдын алған маңызды. Өйткені қазір есірткі қылмысының алдын алуға жұмсалған қаржы ертен сол қылмыстың бетін ашу, нашақорды емдеу және басқа да әлеуметтік шығындарға жұмсалатын шығындарды үнемдеуге септігін тігізеді», – дейді облыстық Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасы бастығының орынбасары Иван Трезини.

Синтетикалық есірткіге негіз болатын қоспалардың көбін кез келген дәріханадан еркін сатып алуға болатыны жағдайды қиындауға түсуде. Осының нәтижесінде есірткі саудасының көрігін қыздырып отырған жасырын цехтар қаншама?! Оларды өнім жасауға үйрететін бейнероликтер интернетті еркін «шарлап жүр».

ТҮЙІН: Бүгінде бүкіл әлемнің бас ауруына айналған синтетикалық есірткіден төніп тұрған қауіп көп, ал онымен күрестің, алдын алудың нақты тетігі жоқ. Әрі заң жүзінде жауапкершілікті қатаңдату керек деген пікір айтылуда. Бұл ретте біздің полицейлер шетелдік әріптестерімен күш біріктіруде. Қоғамды жайлаған кеселмен күреске тек мемлекеттік мекемелер емес, барша халық бел шеше кіріссе, бәлкім бір нәтиже шығар? Әзірге есірткімен күресте жеңіске жете алмағанымызды мойындағаннан басқа амал жоқ.

Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Паралимпиада-2020: жүзуден қола жүлде



Қазақстандық спортшы Нұрдәулет Жұмағали Токиода өтіп жатқан Паралимпиада ойындарында 100 метрге брасс әдісімен жүзуден қола жүлдегер атанды.

Осылайша, Қазақстан қоржыны кезекті бір медальмен толықты. Ол тек неміс спортшысы Талисо Энгель мен америкалық Дэвид Абрахамсқа есе жіберді. SB13 брасс санатындағы сайыста жерлесіміздің жеңіс көрсеткіші – 1:05.20 минут. Сонымен бірге

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

осы жарысқа тағы бір қазақстандық қатысқан болатын. Нұрәли Советханов дәл осы санатта 1:10.99 минут уақытпен мәреге сегізінші болып жетті.

Естеріңізде болса, бұған дейін қазақстандық паралимпиадашылар Токио төрінде 4 медаль жеңіп алған болатын. Давид Дегтярев пауэрлифтингтен топ жарса, Зарина Байбатина, Әнуар Сариев және Дәулет Теміржан дзюдодан күміс алқа иелік етті.

Таэквондошыларда – үш медаль



Эстонияның Таллин қаласында өткен Tallin Open халықаралық турнирінде қазақстандық таэквондошылар үш медаль жеңіп алды.

Бұл туралы Ұлттық Олимпиада комитетінің ресми сайты хабарлады. Нұрлан Мырзабаев 80 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күміс

медальді жеңіп алды. Смайыл Дүйсебай (87 келіге дейін) пен Ерасыл Арапбай (68 келіге дейін) қола жүлдегер атанды. G-1 сыныбындағы бұл турнир 28-29 тамыз күндері өткен болатын. Онда әлемнің әр түкпірінен келген 250 спортшы бағын сынады.

Н.СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ

Жалған еуро сатқан күдікті ұсталды



Қаржылық мониторинг агенттігінің Шымкент қалалық департаменті ірі көлемде жалған еуро сатқан күдікті ұстады.

Азамат Б.Қорғанбаев жалған еуроны Өзбекстанда құнының 50% төлеп, сатып алған. Кейін оны түрлі жолдармен Қазақстанда сата бастаған. «Аумақтық департамент қызметкерлері Шымкент қаласындағы банктердің бірінде жұмыс істейтін мамандардың клиенттерге 4 000 еуро бергенін анықтады. Тергеу барысын-

да Б.Қорғанбаевтың бұл қылмысқа қатысы бары дәлелденді», – делінген Қаржылық мониторинг агенттігінің хабарламасында.

Б.Қорғанбаев бұған дейін алаяқтық әрекеті үшін сотталған. Ол ақша алған таныстарына қарызын жалған еуромен қайтарып отырған. Б.Қорғанбаев номиналы 500 еуро болатын 10 мың жалған еуроны заңсыз пайдаланған. Ол осы қылмыстық әрекеті үшін 5,5 жылға бас бостандығынан айырылды.

А.ЖАНАСЫЛ

Паралимпиада: мүмкіндігі шексіз спортта даму бар

Токио Олимпиадасы толықтай аяқталды деп әлі айта алмаспыз. Себебі қазір Жапонияда Паралимпиада ойындары өтіп жатыр. Дүбірлі доданы елемей кетуге болмас. Онда еліміздің пара-спортшылары да сынға түсіп жатыр. Бұл жолы ұлттық құраманың көрсеткіші жаман емес. Бір байқағанымыз, спорттың бұл санатынан Қазақстан біршама алға ілгерілеп келеді. Ендеше осы жайында тарқатып айтсақ.

ТАРИХ ЖАҢАРДЫ

24 тамызда басталған Паралимпиада ойындары аяқталуға да таяу. 5 тамызда жарыс бітеді. Жарысқа әлемнің 136 елінен 5 000-ға жуық спортшы қатысты. Жалпы, 540 медальдің жиынтығы сарапқа салынады. Қазақстан намысын 26 спортшы қорғап жатыр. Біздің құрама паралимпиадаға осымен 7 рет қатысып отыр. Биыл отандық спортшылар 25 лицензия жеңіп алды. Жүзде 7, дзюдода 6 және пауэрлифтингтен 5 жолдамыз бар. Бұған қоса, қазақстандық спортшылар жеңіл атлетика, таэквондо, ескек есу және оқ ату бағыттары бойынша да сынға түседі. Көңілге медеу болары, Қазақстан биыл бұл жарысқа алғаш рет кең құраммен барды. Бұған дейін 2016 жылы Риодағы Паралимпиадаға 12 спортшы барған болатын. Енді соңғы 25 жылда Қазақстан алғаш рет Паралимпиадаға 20-дан астам спортшыны жіберіп отыр. 1996 жылы Атлантада Қазақстаннан 12 паралимпиадашы барса, 2000 жылы Сиднейде – екі, Афинада (2004) – сегіз, Пекинде (2008) – үш, Лондонда (2012) – жеті, Риода (2016) 12 спортшы барды. Биыл Қазақстаннан 26 спортшы Токио-2020 жазғы Паралимпиада ойындарына қатысты.

Айтпақшы, Риода өткен соңғы Паралимпиадада Қазақстан құрамасы 1 алтын және 1 күміс медаль жеңіп, командалық есепте 58-орынға ие болған. Ал биыл құраманың көрсеткіші нашар емес. Осы күні 1 алтын, 3 күміс, 1 қоламен үздік 50 елдің қатарында тұр. Әуелі қазақстандық Давид Дегтярев Токио Паралимпиадасында пауэрлифтингтен 54 келі салмақта чемпион атанды. Ол 172 келі көтерді. Осылай Қазақстан тарихта Паралимпиадада екінші алтынына қол жеткізген. Бұдан кейін парадзюдошы Әнуар Сариев 60 келіге күміс медаль алды. Финалда әзербайжандық Вугар Ширинлиден жеңілгені болмаса,



қарсыластарының бәрін жыққан еді. Сосын «күмістер сериясы» жалғаса кетті. Парадзюдодан Теміржан Дәулет тағы бір күміс медальді қоржынға салды. Көп ұзамай 29 тамызда 37 жастағы Зарина Байбатина +70 келіге күміс медаль иеленді. Финалда жаракатпен шығып, әзербайжан балуанынан жеңіліп қалғаны болмаса, Заринаның деңгейі жоғары болғанын көрдік. Ақыры қоржын қоламен де толықты. Жүзуден Нұрдәулет Жұмағали қола медаль алды. 100 метрге брасс әдісімен (SB13 – көзі нашар көретіндер арасындағы жарыс) жүзде үздік үштікке енді. Нұрдәулеттің жасы небәрі 22 жаста екенін ескерсек, алда талай долада топ жарар деген үміт бар. Жарыс аяқталуға

спортпен айналысу қиын. Ауыртпалығын көтеруге көбінің шамасы келмейді. Жалпы, Паралимпиада тарихына үнілсек, 1948 жылы Ұлыбританиядағы Сток Мандевиль емханасының дәрігері Людвиг Гутман Екінші дүниежүзілік соғыстан мүгедек болып оралған ағылшын ардагерлерін жинап, спорт жарыстарын ұйымдастыра бастаған көрінеді. Бұл жарыс Олимпиада ойындарымен тұспа-тұс келеді. 1952 жылдан бастап Сток Мандевиль ойындары ретінде мүгедектер арасындағы жарыс жыл сайын ұйымдастырылатын болған. Кейін араға сегіз жыл салып Халықаралық Олимпиада комитеті Римде өткен Олимпиада ойындарынан соң мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы

пионы Сиязбек Далиев Токиоға аттанған болатын. Сиязбек бала кезінде мамандардың салғырттығын кесірінен тоққа түсіп, екі қолынан айырылған екен. Жүзумен 2008 жылдан бері кәсіби түрде айналыса бастаған. Спортшыларға былтырғы пандемия уақытындағы шектеулер жағымсыз әсер еткенін білеміз. Дегенмен бабын жоғалтпауға тырысып, Жапонияға аттанған.

«Пандемия уақытында бассейндер жабық болды. Біздің бұрынғыдай жайбаракат дайындығымызға кедергісін келтірмей қоймады. Біраз уақыт үйдегі жаттығулармен шектеліп қалдық. Жарыс алдында тек өзіме және өзімнің дайындығыма сенемін, себебі осындай үлкен долада дайындық пен тәжірибе қажет. Жарыста таңда финалға іріктеу болады және кешке финал өтеді. Сол аралықта толық демалып алу қажет. Су ішінде шаршап қалмау жылдар бойы істелген жұмыс пен жаттығуға байланысты. Паралимпиадада рейтингтің төменгі сатысындағы спортшы да чемпион болып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан жарысқа барған әрбір спортшыда медаль алуға мүмкіндік бар», – дейді Сиязбек.

Паралимпиадаға қатысатын спортшылардың дайындық процесінің өзгелерден аса бір айырмашылығы жоқ екен. Бастысы, бойдағы төзім мен жаттығудағы ерекшеліктерге бейімделу. Паралимпиадаға аттанған отандастарымызды мақтайтын да жөніміз бар. Себебі Токио Олимпиадасында ұлттық құрамамыз 8 қоламен үздік 80 елдің қатарынан тыс қалған еді. Ал пара-спортшылар солардың сәтсіздігін жуып-шайғандай әсер қалдырып отыр.

М.ТӨЛЕУ

Қапшағайда жалған полицей ұсталды


Қапшағай қаласының полициясына 21 жастағы тұрғыннан арыз түскен. Ол «плицеймін» деп таныстырған ер адамның сенімге кіріп, өзінен ақша алғанын хабарлаған.

Бірақ қаражатты қайтармағандықтан, полицияға арыздануына тура келіпті. Жедел іздері кезінде 23 жастағы күдікті ұсталды. Қазір оның үстінен Қылмыстық кодекстің 190-бабы 1-бөлігі, яғни «Алаяқтық» бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу жүріп жатыр. Тәртіп сақшылары оның не себепті өзін полицеймін деп та-

ныстырып, қандай мақсатпен ақша алғанын, сонымен қатар өзге қылмыстарға қатысы бар-жоғын анықтап жатыр.

Департамент ұсталған адамның полиция қызметкері емес екенін және оның бұл жұмысқа мүлдем қатысы жоғын мәлімдеді. «Тергеу барысында анықталғандай күдікті жәбірленушінің сеніміне кіріп, 737 мың теңге ақшасын иемденіп алғаны анықталды. Жәбірленуші дер кезінде полицияға шағымданғандықтан, күдікті дер кезінде ұсталды», – дейді ведомствоның баспасөз қызметі.

Айбіке ЖАНАСЫЛ



AIQYN
NUR MEDIA

Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор –
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС –
шығарушы редактор

Асқар БЕК –
веб-сайт редакторы

Еддар ҚАБА –
секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ –
Атырау облысы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-18, 8 (727) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53
byurukparyeva@litter.kz
reklama@litter.kz
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(727) 390-08-11, (708) 270-79-97
saidinova@litter.kz
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №3987
Алматы қ. «Дәуір», Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114